

**«Кемел кәсіби даму  
орталығы»**



**«Kemel kasibi damu  
ortalygy LTD»**

**«Мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті білім беру: ерекше білім беру  
қажеттіліктері бар балаларды педагогикалық қолдаудың заманауи  
тәсілдері»  
біліктілікті арттыру курсының  
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Сағат саны: 72, 80 ак.сағ.**

## Алматы 2026

### 1. Жалпы ережелер

«Мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті білім беру: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды педагогикалық қолдаудың заманауи тәсілдері» атты біліктілікті арттыру бағдарламасы мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларының (меңгерушілерінің), әдіскерлерінің, тәрбиешілерінің, мектепалды даярлық тобы/сыныбы педагогтерінің, қазақ және орыс тілі педагогтерінің, музыка жетекшілерінің, дене шынықтыру (жүзу) жөніндегі нұсқаушыларының, педагог-психологтерінің, педагог-ассистенттерінің, арнайы педагогтерінің, оның ішінде мұғалім-дефектологтарының, мұғалім-логопедтерінің кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіруге бағытталған.

Бағдарлама мазмұны тыңдаушылардың мектепке дейінгі ұйымдағы қызметтік міндеттері мен кәсіби рөліне сәйкес сараланып меңгеріледі: басшылар мен әдіскерлер инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру, педагогтердің өзара әрекетін үйлестіру және құжаттамалық-әдістемелік қолдауды қамтамасыз ету бағыттарын, тәрбиешілер, музыка жетекшілері, дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушылары және қазақ және орыс тілі педагогтері оқу-тәрбие процесін бейімдеу, қолжетімді орта құру және балалардың қатысуын қолдау тәсілдерін, педагог-психологтер, педагог-ассистенттер және арнайы педагогтер педагогикалық диагностика, жеке оқу бағдарламасын әзірлеу, түзете-дамыту жұмысын жоспарлау, мониторинг жүргізу және ата-анамен өзара әрекет бағыттарын меңгереді.

Бағдарлама Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілеріндегі өзекті өзгерістерді, «Педагог» кәсіби стандартының жаңа талаптарын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңарту бағыттарын, инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастырудың заманауи тәсілдерін, психологиялық-педагогикалық қолдау, педагогикалық диагностика, оқу бағдарламасын бейімдеу және жеке оқу бағдарламасын әзірлеу тәжірибесін ескереді.

Оқыту мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің пәндік және метапәндік құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған: баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін, жеке мүмкіндіктері мен қолдау қажеттілігін анықтаудан бастап, оқу-тәрбие процесін бейімдеу, жеке даму картасын толтыру, жеке оқу бағдарламасын әзірлеу, түзете-дамыту жұмысын жоспарлау, даму динамикасын мониторингтеу және ата-аналармен серіктестік орнатуға дейінгі кәсіби әрекеттерді қамтиды.

Бағдарлама аясында педагогикалық этика мен құқықтық талаптарды сақтау, инклюзивті мәдениет қалыптастыру, қауіпсіз және қолжетімді орта құру, әртүрлі даму ерекшеліктері бар балаларды қолдау технологияларын қолдану, визуалды қолдау мен сенсорлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ойын арқылы әлеуметтік дағдыларды дамыту, мектепке дейінгі ұйым құжаттамасын жүргізу,

ата-аналармен серіктестік орнату және педагогтердің кәсіби дамуы мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Бағдарламаның мазмұны мектепке дейінгі ұйымдағы инклюзивті білім беруді жеке маманның ғана қызметі емес, мектепке дейінгі ұйым басшылығының, педагогтердің, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметіндегі мамандардың және ата-аналардың бірлескен жүйелі әрекеті ретінде қарастыруға негізделеді.

### **Бағдарламаның өзектілігі**

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде инклюзивті тәсілдерді дамыту, білім беру ортасын қолжетімді ету, педагогтердің кәсіби құзыреттіліктеріне қойылатын талаптарды жанарту және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ерте қолдау мәселелері ерекше маңызға ие. Осы тұрғыдан мектепке дейінгі ұйымдардың рөлі айрықша, себебі дәл осы кезеңде баланың сөйлеу, танымдық, әлеуметтік-коммуникативтік, эмоциялық, қозғалыс және мінез-құлықтық дамуының негізгі алғышарттары қалыптасады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру баланы топқа қабылдаумен ғана шектелмейді. Ол баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін уақытылы анықтауды, психологиялық-педагогикалық қолдау шараларын жоспарлауды, оқу-тәрбие процесін бейімдеуді, қауіпсіз әрі қолжетімді орта құруды, педагогикалық диагностика жүргізуді, жеке оқу бағдарламасын әзірлеуді, түзете-дамыту жұмысын жоспарлауды, даму динамикасын мониторингтеуді және ата-анамен жүйелі серіктестік орнатуды талап етеді.

Ұсынылып отырған бағдарлама қолданыстағы нормативтік-құқықтық талаптарды, «Педагог» кәсіби стандартының ережелерін, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс тәртібін, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын, сондай-ақ инклюзивті саясаттың негізгі қағидаларын ескере отырып әзірленді. Бағдарлама педагогтердің баланың жеке мүмкіндіктерін, даму деңгейін, қарым-қатынас, танымдық және әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын бағалау, оқу бағдарламасын бейімдеу, жеке даму картасын толтыру және қолдау шараларын жоспарлау құзыреттерін дамытуға бағытталған.

Мектепке дейінгі ұйымдардың тәжірибесінде педагогтердің инклюзивті білім беруді ұйымдастыруға қатысты нормативтік талаптарды қолдану, ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау, педагогикалық диагностика мен оқу-тәрбие процесін әртүрлі даму ерекшеліктері бар балаларға бейімдеу, жеке оқу бағдарламасын әзірлеу, түзете-дамыту жұмысын жоспарлау, мониторинг жүргізу және ата-анамен кері байланыс орнату бойынша кәсіби қиындықтары кездеседі.

Осыған байланысты бағдарлама мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің инклюзивті білім беру жағдайындағы кәсіби әрекетін құқықтық негіздермен, әдістемелік дәлдікпен, диагностикалық құралдармен, практикалық қолдау

технологияларымен және құжаттамалық жүйелілікпен қамтамасыз етуге бағытталған.

### **Мемлекеттік басымдықтармен және әлемдік трендтермен байланысы**

«Мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті білім беру: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды педагогикалық қолдаудың заманауи тәсілдері» біліктілікті арттыру курсының оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудағы басым бағыттарымен тікелей байланысты. Бағдарлама сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ерте жастан қолдау, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру және инклюзивті білім беру ортасын жүйелі дамыту міндеттеріне сәйкес келеді.

Мемлекеттік деңгейде бағдарлама Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында айқындалған білім алу құқығы, білім берудің қолжетімділігі, баланың жеке ерекшеліктерін ескеру және білім беру ұйымдарында қолайлы жағдай жасау қағидаларымен үндеседі. Сонымен қатар бағдарлама Қазақстан Республикасының 2025–2030 жылдарға арналған инклюзивті саясат тұжырымдамасының негізгі бағыттарымен, білім беруді дамытудың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасымен, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жаңа қағидаларымен, арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау стандартымен және «Педагог» кәсіби стандартымен мазмұндық тұрғыдан байланысады.

Бағдарламада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау мектепке дейінгі ұйымның тұтас педагогикалық процесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Бұл қазіргі халықаралық тәжірибедегі оқытудың әмбебап дизайны, ерте қолдау көрсету, балаға бағдарланған оқыту, отбасына бағдарланған қолдау, қолжетімді орта құру, командалық жұмыс, бағалау және даму динамикасын мониторингтеу сияқты бағыттармен сәйкес келеді.

Халықаралық деңгейде бағдарлама Қазақстан Республикасы ратификациялаған БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясының қағидаларымен, БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарының 4-мақсатымен және ЮНЕСКО-ның инклюзивті әрі әділетті сапалы білім беруді қамтамасыз ету жөніндегі ұсынымдарымен үйлеседі. Бағдарлама әр баланың білім беру процесіне толыққанды қатысуын, қауіпсіз және қолайлы ортада дамуын, жеке мүмкіндіктеріне сәйкес қолдау алуын және әлеуметтік ортаға кірігуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Осылайша, бағдарлама мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттерін дамытуға, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметіндегі командалық өзара әрекетті күшейтуге, педагогикалық диагностика жүргізу және баланың даму динамикасын бағалау мәдениетін қалыптастыруға, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдаудың сапасын арттыруға және Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім беру саясатын мектепке дейінгі деңгейде тиімді іске асыруға мүмкіндік береді.

## 2. Глоссарий

**Инклюзивті білім беру** – барлық білім алушыларға олардың ерекше білім беруді қажет етуін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс.

**Мектепке дейінгі ұйым** – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін, арнайы оқу бағдарламаларын, жеке дамыту бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы.

**Психологиялық-педагогикалық қолдау** – білім беру ұйымдарында жүзеге асырылатын, ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) қоса алғанда, білім алушылардың білім алу мен даму үдерісін табысты жүзеге асыру үшін олардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдайларды жасайтын жүйелі ұйымдастырылған қызмет.

**Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау** – қандай да бір қызмет түрін орындау қабілеттерін қалпына келтіруге немесе орнын толтыруға бағытталған кешенді қызметтер мен іс-шаралар.

**Мүмкіндігі шектеулі бала (балалар)** – он сегіз жасқа дейінгі, белгіленген тәртіппен расталған, туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған ауруларға немесе жарақаттардың салдарына байланысты тіршілік әрекеті шектелген, дене және (немесе) психикалық кемшіліктері бар бала (балалар).

**Түзете-дамытушылық бағыт** – дамуындағы бұзылыстарды жою үшін жағдай жасау.

**Сараланған және жеке тәсіл** – түзете жұмысының әдістерін, формалары мен құралдарын таңдауда әр баланың жеке ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін есепке алу.

**Тұлғалық-бағдарлы тәсіл** – баланың жеке дамуын қолдау және оның әлеуетін ашу.

**Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау** – білім алуға қажетті арнайы жағдайларды анықтау.

**Білім алу үшін арнайы жағдайлар** – оқу, сондай-ақ арнайы, жеке-дамытушылық және түзете-дамытушылық бағдарламалар мен оқыту әдістерін, техникалық, оқу және басқа да құралдарды, тіршілік әрекеті ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдауды, медициналық, әлеуметтік және басқа да қызметтерді қамтитын, ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың), сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың білім беру бағдарламаларын меңгеруі үшін қажетті жағдайлар.

**Командалық бағалау** – педагогтер тобының ерекше білім беру қажеттіліктерін, түзете-дамыту бағдарламасының негізгі бағыттарын анықтауы және арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаудың тиімді әдістерін таңдауы.

**Педагогикалық тексеру** – балалардың интеллектуалдық даму ерекшеліктерін және олардың ойын әрекетіне, білім алуға және қарым-қатынас

жасауға жасына сәйкес нормативтерді ескере отырып, әлеуетті мүмкіндіктерін анықтау.

**Оқу бағдарламасы** – әрбір оқу сабағы, әрбір оқу пәні және (немесе) модуль бойынша меңгерілуге тиіс білімнің, машықтың, дағды мен біліктіліктің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.

**Жеке оқу бағдарламасы** — мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына бағдарланбайтын, оқушының жеке мүмкіндіктері мен нақты оқу жетістіктерін ескере отырып құрастырылатын оқу бағдарламасы.

**Білім беру бағдарламаларын бейімдеу** — ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде оқыту мақсаттарын, оқу мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастырудың тәсілдері мен әдістерін, оқу жетістіктерін бағалау критерийлерін білім алушының мүмкіндіктеріне сәйкестендіру.

### **3. Бағдарламаның тақырыбы**

Бұл біліктілікті арттыру бағдарламасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі инклюзивті практиканың қазіргі заманғы талаптарын көрсетеді және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ерте қолдау, қолжетімді білім беру ортасын құру, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру және психологиялық-педагогикалық қолдау сапасын жетілдіру саласындағы мемлекеттік саясат басымдықтарын ескереді.

#### **Бағдарламаның жаңашылдық дәрежесі**

Бағдарламаның жаңашылдығы мектепке дейінгі ұйым жағдайында инклюзивті білім беруді тек жалпы ұйымдастыру мәселесі ретінде емес, психологиялық-педагогикалық қолдау, педагогикалық диагностика, оқу-тәрбие процесін бейімдеу, жеке оқу бағдарламасын әзірлеу, түзете-дамыту жұмысын жоспарлау, құжаттама жүргізу және ата-анамен серіктестік орнату жүйесі ретінде кешенді қарастыруында.

#### *1. Заманауи нормативтік-құқықтық негіз*

Бағдарлама инклюзивті білім беру, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, педагогтердің кәсіби қызметі, психологиялық-педагогикалық қолдау және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге негізделіп әзірленген. Дәстүрлі курстардан айырмашылығы, бұл бағдарламада мектепке дейінгі ұйым жағдайында инклюзивті білім берудің құқықтық, ұйымдастырушылық, әдістемелік және құжаттамалық негіздері біртұтас жүйеде ұсынылады.

#### *2. Кешенді модульдік тәсіл*

Бағдарлама мектепке дейінгі ұйымдағы инклюзивті жұмыстың негізгі бағыттарын бір құрылымға біріктіреді: құқықтық және ұйымдастырушылық негіздер, психологиялық-педагогикалық қолдау, педагогикалық диагностика, қолжетімді орта құру, әртүрлі даму ерекшеліктері бар балалармен жұмыс, оқу бағдарламасын бейімдеу, жеке оқу бағдарламасын әзірлеу, түзете-дамыту жұмысын жоспарлау, мониторинг және ата-анамен жұмыс.

Мұндай тәсіл тыңдаушыларда мектепке дейінгі ұйымдағы инклюзивті білім беру туралы тұтас түсінік қалыптастырып, педагогтер мен ППҚҚ мамандарының келісілген әрекетіне негізделген кәсіби жұмыс моделін меңгеруге мүмкіндік береді.

*3. Педагогикалық диагностика және даму динамикасын мониторингтеу жүйесін енгізу*

Бағдарламаның маңызды ерекшелігі — ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму деңгейін, жеке мүмкіндіктерін және қолдау қажеттілігін анықтауда педагогикалық диагностика құралдарын қолдануға басымдық берілуі. Тыңдаушылар баланың коммуникативтік, танымдық-интеллектуалдық және әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын бағалау, жеке даму картасын толтыру, бағалау нәтижелерін талдау және қолдау шараларын жоспарлау дағдыларын меңгереді.

Бұл бағыт мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне баланың дамуындағы қиындықтарды тек жалпы бақылау деңгейінде емес, нақты педагогикалық деректер негізінде анықтауға және оқу-тәрбие процесін сол нәтижелерге сәйкес бейімдеуге мүмкіндік береді.

*4. Қолжетімді және қауіпсіз инклюзивті орта құру*

Бағдарламада топ бөлмесін, ойын, оқу, демалыс және қозғалыс аймақтарын бейімдеу, визуалды қолдау құралдарын қолдану, сенсорлық қауіпсіз орта құру, ойын арқылы қарым-қатынас пен әлеуметтік дағдыларды дамыту мәселелері жүйелі түрде қарастырылады. Бұл мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің баланы ортаға бейімдеу емес, органы баланың қажеттілігіне қарай қолжетімді ету қағидасын практикалық тұрғыдан меңгеруіне ықпал етеді.

*5. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жүргізу*

Бағдарлама сөйлеу тілі бұзылыстары, психикалық дамуының тежелуі, зиятындағы бұзылыстар, аутистік спектр бұзылыстары, зейін тапшылығы және гипербелсенділік синдромы, мінез-құлық ерекшеліктері, көру, есту және тірек-қимыл аппараты зақымдалған балалармен жұмыс жүргізудің педагогикалық тәсілдерін қамтиды. Бұл бағдарламаны бір ғана санаттағы балаларға емес, мектепке дейінгі ұйым тәжірибесінде жиі кездесетін әртүрлі қолдау қажеттілігі бар балалармен жұмысқа бағытталған әмбебап практикалық курс ретінде сипаттайды.

*6. Жеке оқу бағдарламасы, түзете-дамыту жұмысы және мониторингтің байланысы*

Бағдарламада оқу бағдарламасын бейімдеу, жеке оқу бағдарламасын әзірлеу, түзете-дамыту жұмысын жоспарлау және даму динамикасын мониторингтеу өзара байланысты кезеңдер ретінде қарастырылады. Бұл тыңдаушыларға баламен жұмысты жүйелі алгоритм бойынша ұйымдастыруға мүмкіндік береді: бақылау — диагностика — альтернативті бағалау — жеке оқу бағдарламасы — түзете-дамыту жұмысы — мониторинг — қайта жоспарлау.

**Білім беру жүйесінде ұқсас бағдарламалардың бар-жоғын талдау**

Қазақстан Республикасында педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесінде мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті білім беру, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау, психологиялық-педагогикалық қолдау, педагогикалық диагностика немесе жеке оқу бағдарламасын әзірлеу мәселелеріне арналған жекелеген курстар кездеседі. Алайда ұсынылып отырған бағдарламаның ерекшелігі — аталған бағыттарды біртұтас құрылымға біріктіріп, мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арналған кешенді практикалық модель ретінде ұсынуында.

Қолданыстағы курстардың мазмұнын талдау олардың көпшілігі инклюзивті білім берудің жалпы қағидаларын, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жүргізудің жекелеген әдістерін немесе белгілі бір бұзылыс түрлері бойынша қолдау тәсілдерін қарастырумен шектелетінін көрсетеді. Мұндай бағдарламаларда педагогикалық диагностика, жеке даму картасы, оқу бағдарламасын бейімдеу, жеке оқу бағдарламасын әзірлеу, түзете-дамыту жұмысын жоспарлау, құжаттама жүргізу және ата-анамен жүйелі серіктестік мәселелері көбіне толық әрі өзара байланыста қарастырылмайды.

*Талдаудың негізгі қорытындылары:*

- қолданыстағы бағдарламаларда мектепке дейінгі ұйым жағдайындағы инклюзивті ортаны құқықтық, ұйымдастырушылық, диагностикалық, әдістемелік және құжаттамалық тұрғыдан кешенді қарастыру жеткіліксіз;
- педагогикалық диагностика құралдарын мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің практикалық жұмысына енгізу мәселесі толық қамтылмаған;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың коммуникативтік, танымдық-интеллектуалдық және әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын бағалау нәтижелерін жеке оқу бағдарламасы мен түзете-дамыту жұмысын жоспарлауға байланыстыру жеткіліксіз көрсетілген;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жүргізу, оқу-тәрбие процесін бейімдеу және қолжетімді орта құру мәселелері көбіне жеке-жеке қарастырылады, ал ұсынылып отырған бағдарламада олар бір жүйеге біріктірілген;
- мектепке дейінгі ұйым құжаттамасын жүргізу, даму динамикасын мониторингтеу, ата-анамен кері байланыс және қолдау нәтижелерін қорытындылау мәселелері практикалық деңгейде толық ашыла бермейді.

### **Қорытынды**

Ұсынылып отырған бағдарламаның мазмұны, құрылымы және кешенді тәсілі бойынша тікелей мазмұндық аналогтары шектеулі. Бағдарлама мектепке дейінгі ұйым педагогтерін инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге даярлаудың жаңартылған практикалық моделі ретінде қарастырылады.

Ол нормативтік-құқықтық негіздерді білуді, психологиялық-педагогикалық қолдау логикасын меңгеруді, педагогикалық диагностика жүргізуді, оқу бағдарламасын бейімдеуді, жеке оқу бағдарламасын

әзірлеуді, түзете-дамыту жұмысын жоспарлауды, құжаттама жүргізуді және ата-анамен тиімді өзара әрекет орнатуды біріктіреді.

Осы бағдарламаны әзірлеу және енгізу мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті практиканың нақты кадрлық және әдістемелік сұраныстарына жауап береді және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдаудың сапасын арттыруға ықпал етеді.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер**

**Бағдарламаның мақсаты** – мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау, педагогикалық диагностика жүргізу, оқу-тәрбие процесін бейімдеу, жеке оқу бағдарламасын әзірлеу және ата-анамен өзара әрекет жасау бойынша кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.

#### **Бағдарламаның міндеттері**

Бағдарлама келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

- Тыңдаушылардың мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері туралы білімін кеңейту.
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың мақсаты, бағыттары және ұйымдастыру тәртібі туралы кәсіби түсінік қалыптастыру.
- Баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін, жеке мүмкіндіктері мен қолдау қажеттілігін анықтау үшін педагогикалық диагностика құралдарын қолдану дағдыларын дамыту.
- Мектепке дейінгі ұйым жағдайында қолжетімді, дамытушы және қауіпсіз инклюзивті орта құру, оқу-тәрбие процесін баланың даму ерекшеліктеріне қарай бейімдеу тәсілдерін меңгерту.
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жүргізудің педагогикалық тәсілдерін қолдану дағдыларын қалыптастыру.
- Оқу бағдарламасын бейімдеу, жеке оқу бағдарламасын әзірлеу және түзете-дамыту жұмысын жоспарлау алгоритмін меңгерту.
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау бойынша құжаттама жүргізу, даму динамикасын мониторингтеу және ата-анамен кері байланыс ұйымдастыру құзыреттерін жетілдіру.

#### **Бағдарламаны меңгерудің күтілетін нәтижелері:**

Оқуды аяқтағаннан кейін тыңдаушы:

1. мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін біледі және оларды кәсіби тәжірибесінде қолданады;
2. ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың мақсатын, негізгі бағыттарын және ұйымдастыру тәртібін түсіндіреді;

3. баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін, жеке мүмкіндіктері мен қолдау қажеттілігін анықтау үшін педагогикалық диагностика құралдарын қолданады;
4. мектепке дейінгі ұйым жағдайында қолжетімді, дамытушы және қауіпсіз инклюзивті орта құру, оқу-тәрбие процесін баланың даму ерекшеліктеріне қарай бейімдеу тәсілдерін қолданады;
5. ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жүргізудің педагогикалық тәсілдерін таңдайды және оқу-тәрбие процесінде қолданады;
6. оқу бағдарламасын баланың даму деңгейі мен қолдау қажеттілігіне қарай бейімдейді, жеке оқу бағдарламасын әзірлейді және түзете-дамыту жұмысын жоспарлайды;
7. ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау бойынша құжаттаманы жүргізеді, даму динамикасын мониторингтейді және ата-анамен кері байланыс ұйымдастырады.

### **Бағдарламаның практикалық маңыздылығы**

Ұсынылып отырған біліктілікті арттыру бағдарламасы мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыруда педагогтер кездесетін нақты кәсіби міндеттерді шешуге бағытталған. Бағдарлама мазмұны ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау үшін қажетті құқықтық, диагностикалық, әдістемелік, құжаттамалық және коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға бағдарланған.

Бағдарламаның практикалық маңыздылығы келесі бағыттар арқылы көрінеді:

1. *Құқықтық және ұйымдастырушылық сауаттылықты арттыру.* Тыңдаушылар мектепке дейінгі ұйымдағы инклюзивті білім беруді ұйымдастыруға қойылатын негізгі талаптарды түсініп, оларды күнделікті педагогикалық жұмыста қолдануды меңгереді.
2. *Баланың қолдау қажеттілігін нақты анықтау.* Педагогтер баланың даму ерекшеліктерін бақылау, педагогикалық диагностика нәтижелерін талдау арқылы қолдау шараларын дәл жоспарлауға үйренеді.
3. *Оқу-тәрбие процесін бейімдеу.* Тыңдаушылар тапсырмаларды, нұсқаулықтарды, ойын әрекеттерін, оқу материалдарын және ортаны баланың жеке мүмкіндіктеріне қарай бейімдеу тәсілдерін меңгереді.
4. *Жеке оқу бағдарламасын әзірлеу және түзете-дамыту жұмысын жоспарлау.* Бағдарлама педагогтерге баланың даму деңгейіне сәйкес мақсат қою, түзете-дамыту жұмысының мазмұнын анықтау және күтілетін нәтижені белгілеу дағдыларын қалыптастырады.
5. *Құжаттама және мониторинг жүргізу сапасын арттыру.* Педагогтер педагогикалық бақылау картасы, жеке даму картасы, жеке оқу бағдарламасы, түзете-дамыту бағдарламасы, мониторинг парағы және ата-анамен кері байланыс құжаттарын жүйелі жүргізуді үйренеді.
6. *Ата-анамен серіктестікті дамыту.* Бағдарлама ата-анамен сенімді қарым-қатынас орнату, баланың жетістігі мен қиындықтары туралы

кәсіби кері байланыс беру және үй жағдайында қолдау шараларын түсіндіру дағдыларын жетілдіреді.

### **Оқыту нәтижелерінің педагогтердің жұмыс тәжірибесіне әсері**

Бағдарламаны меңгеру нәтижесінде педагогтердің мектепке дейінгі ұйымдағы инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру сапасы артады. Тыңдаушылар ерекше білім беру қажеттіліктері бар баламен жұмысты жалпы сипаттағы қолдау ретінде емес, нақты педагогикалық алгоритм бойынша ұйымдастырады: бақылау, диагностика, жеке даму картасын толтыру, оқу бағдарламасын бейімдеу, жеке оқу бағдарламасын әзірлеу, түзете-дамыту жұмысын жоспарлау, мониторинг жүргізу және қолдау нәтижесін талдау.

Бағдарлама педагогтердің кәсіби сенімділігін арттырады, құжаттаманы жүйелі жүргізуге, ата-анамен тиімді байланыс орнатуға, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметіндегі мамандармен келісілген жұмыс жасауға және әр баланың оқу-тәрбие процесіне толыққанды қатысуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

### **5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

#### **Модуль 1. Мектепке дейінгі ұйымдағы инклюзивті білім беру: құқықтық және ұйымдастырушылық негіздер**

|                              |   |
|------------------------------|---|
| <b>Модульдің мақсаты:</b>    | Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың құқықтық, ұйымдастырушылық және этикалық негіздері туралы тыңдаушыларда тұтас түсінік қалыптастыру; ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдауда педагогтердің кәсіби рөлін, жауапкершілігін және қауіпсіз, қолжетімді білім беру ортасын құру талаптарын меңгерту. |
| <b>Модульдің міндеттері:</b> | Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беруді ұйымдастыруға қатысты қолданыстағы нормативтік-құқықтық негіздерді зерделеу.<br>Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту процесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың құқықтарын, қолдау алу мүмкіндіктерін және білім беру ортасына қатысу шарттарын түсіндіру.  |

|   |  |
|---|--|
|   | <p>Бағдарламаның мазмұны мектепке дейінгі ұйымдағы инклюзивті білім беруді жеке маманның ғана қызметі емес, мектепке дейінгі ұйым басшылығының, педагогтердің, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметіндегі мамандардың және ата-аналардың бірлескен жүйелі әрекеті ретінде қарастыруға негізделеді.</p> <p>Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау барысында педагогтердің өзара әрекеттесу, жауапкершілік және командалық жұмыс қағидаларын меңгерту.</p> <p>Инклюзивті мәдениет, педагогикалық этика, құпиялық, баланың қадір-қасиетін сақтау және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру бойынша кәсіби ұстанымдарды дамыту.</p>  |
| <p><b>Модульдің нәтижелері:</b></p> <p><b>күтілетін</b></p> | <p>Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушы: мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беруді ұйымдастыруға қатысты негізгі нормативтік-құқықтық талаптарды біледі;</p> <p>ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім алу, қолдау алу және қауіпсіз ортада даму құқықтарын түсінеді;</p> <p>мектепке дейінгі ұйымдағы инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастырудың негізгі талаптарын сипаттайды;</p> <p>ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдауда педагогтердің, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметіндегі мамандардың және ата-аналардың рөлін ажыратады;</p> <p>инклюзивті мәдениет, педагогикалық этика, құпиялық және қауіпсіз орта қағидаларын кәсіби тәжірибеде қолданудың маңызын түсіндіреді.</p> |

**Модуль сипаттамасы:**

Бұл модуль курсқа кіріспе болып табылады және мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыруға қажетті құқықтық, ұйымдастырушылық және этикалық негіздерді қалыптастырады. Модуль аясында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы инклюзивті білім беруге қатысты негізгі нормативтік-құқықтық құжаттар, мемлекеттік талаптар, педагогтердің кәсіби қызметіне қойылатын талаптар және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдаудың жалпы қағидалары қарастырылады.

Модульде инклюзивті білім беру баланы топқа қабылдаумен ғана шектелмейтін, мектепке дейінгі ұйымның барлық педагогтері мен мамандарының келісілген әрекетін талап ететін кешенді процесс ретінде түсіндіріледі. Тыңдаушылар мектепке дейінгі ұйым жағдайында инклюзивті орта құрудың ұйымдастырушылық шарттарын, педагогтердің кәсіби жауапкершілігін, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметіндегі мамандармен бірлескен жұмыстың маңызын және ата-анамен серіктестік орнатудың негізгі қағидаларын меңгереді.

Ерекше назар инклюзивті мәдениет қалыптастыруға, баланың жеке ерекшелігін құрметтеуге, әр баланың қадір-қасиетін сақтауға, баланың эмоционалдық жай-күйін ескеруге, таңбалаушы көзқарасқа жол бермеуге, құпиялықты қамтамасыз етуге және эмоционалды қауіпсіз орта құруға аударылады.

|  |  |
|--|--|
|  | Модуль мазмұны тыңдаушыларға ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдауды жеке маманның ғана міндеті емес, мектепке дейінгі ұйымның тұтас педагогикалық процесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде түсінуге мүмкіндік береді. |
|--|--|

**Модуль 2. Мектепке дейінгі ұйымдағы психологиялық-педагогикалық қолдау, педагогикалық диагностика және баланың даму динамикасын бағалау**

|                       |   |
|-----------------------|---|
| Модульдің мақсаты:    | Мектепке дейінгі ұйым жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны, педагогикалық диагностика құралдарын қолдану туралы тыңдаушыларда жүйелі түсінік қалыптастыру; баланың жеке мүмкіндіктерін, даму деңгейін және қолдау қажеттілігін анықтау негізінде қолдау шараларын жоспарлау құзыреттіліктерін дамыту.  |
| Модульдің міндеттері: | Мектепке дейінгі ұйымдағы психологиялық-педагогикалық қолдаудың мақсаты, міндеттері, негізгі бағыттары және ұйымдастыру тәртібі туралы түсінік қалыптастыру.<br>Баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін, жеке мүмкіндіктерін, даму ерекшеліктерін және қолдау қажеттілігін анықтау тәсілдерін меңгерту.<br>Педагогикалық диагностиканың мақсатын, қағидаларын және типтік мониторингпен байланысын түсіндіру.<br>Баланың коммуникативтік, танымдық-интеллектуалдық және әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын бағалау құралдарын қолдану дағдыларын қалыптастыру. |

|                                 |   |
|---------------------------------|---|
|                                 | Бағалау нәтижелерін талдау, жеке даму картасын толтыру және ППҚҚ отырысында балаға қолдау шараларын жоспарлау алгоритмін меңгерту.  |
| Модульдің нәтижелері: күтілетін | <p>Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушы: мектепке дейінгі ұйымдағы психологиялық-педагогикалық қолдаудың мақсатын, міндеттерін және негізгі бағыттарын түсіндіреді; баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін, жеке мүмкіндіктерін және қолдау қажеттілігін анықтау үшін педагогикалық бақылау тәсілдерін қолданады;</p> <p>педагогикалық диагностиканың мазмұнын, айырмашылығын және типтік мониторингпен байланысын түсінеді; баланың коммуникативтік, танымдық-интеллектуалдық және әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын бағалау нәтижелерін талдайды; жеке даму картасын толтырады, бағалау нәтижелері негізінде қолдау шараларын жоспарлайды және ППҚҚ отырысында баланың даму ерекшеліктерін кәсіби тұрғыдан ұсынады.</p> |
| Модуль сипаттамасы:             | <p>Бұл модуль мектепке дейінгі ұйымдағы психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұнын, педагогикалық диагностика жүргізудің ерекшеліктерін және бағалау құралдарын қолдану жолдарын меңгертуге бағытталған. Модуль аясында ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың даму ерекшеліктерін анықтау, оның күшті жақтарын, қиындықтарын және қолдау қажеттілігін педагогикалық тұрғыдан талдау мәселелері қарастырылады.</p> <p>Модульде психологиялық-педагогикалық қолдау мектепке дейінгі ұйымдағы педагогтер мен мамандардың өзара</p>  |

|  |   |
|--|---|
|  | <p>келісілген әрекеті ретінде сипатталады. Тәрбиеші, педагог-психолог, педагог-логопед, дефектолог, педагог-ассистент, әдіскер және ата-ананың бірлескен жұмысы баланың білім беру процесіне қатысуын, дамуын және әлеуметтік ортаға бейімделуін қамтамасыз ететін маңызды шарт ретінде түсіндіріледі.</p> <p>Педагогикалық диагностика баланың даму деңгейін, жеке мүмкіндіктерін, танымдық, сөйлеу, әлеуметтік-коммуникативтік және эмоциялық ерекшеліктерін анықтау құралы ретінде қарастырылады.</p> <p>Модуль мазмұнында коммуникативтік, танымдық-интеллектуалдық және әлеуметтік-эмоциялық дағдыларды бағалау, бағалау нәтижелерін талдау, жеке даму картасын толтыру және ППҚҚ отырысында балаға қолдау шараларын жоспарлау мәселелеріне ерекше назар аударылады. Бұл тыңдаушыларға баламен жұмысты жалпы бақылау деңгейінде емес, нақты педагогикалық деректерге сүйене отырып ұйымдастыруға мүмкіндік береді.</p> <p>Модуль нәтижесінде тыңдаушылар баланың даму ерекшеліктерін жүйелі бақылау, педагогикалық диагностика және бағалау нәтижелерін талдау, қолдау шараларын жоспарлау және жеке даму картасын толтыру бойынша практикалық дағдыларды меңгереді.</p> |
|--|---|

### **Модуль 3. Қолжетімді, дамытушы және қауіпсіз инклюзивті орта құру**

|                    |   |
|--------------------|---|
| Модульдің мақсаты: | Мектепке дейінгі ұйым жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолжетімді, дамытушы және қауіпсіз инклюзивті орта құру бойынша |
|--------------------|---|

|                                 |   |
|---------------------------------|---|
|                                 | тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.   |
| Модульдің міндеттері:           | <p>Мектепке дейінгі ұйымдағы оқу-тәрбие процесін баланың даму деңгейі, жеке мүмкіндіктері және қолдау қажеттілігіне қарай бейімдеу жолдарын түсіндіру.</p> <p>Топ бөлмесін, ойын, оқу, демалыс және қозғалыс аймақтарын қолжетімді әрі қауіпсіз ұйымдастыру тәсілдерін меңгерту.</p> <p>Визуалды қолдау құралдарын қолдану арқылы баланың күн тәртібін түсінуін, тапсырманы орындауын және өз әрекетін реттеуін қолдау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сенсорлық қауіпсіз орта құруда жарық, дыбыс, түс, кеңістік және материалдарды таңдаудың педагогикалық маңызын ашып көрсету.</p> <p>Ойын арқылы қарым-қатынас, әлеуметтік дағдылар және топтық өзара әрекетті дамыту тәсілдерін қолдануға үйрету.</p> |
| Модульдің күтілетін нәтижелері: | <p>Модуль аяқталғаннан кейін тыңдаушы: мектепке дейінгі ұйым жағдайында қолжетімді, дамытушы және қауіпсіз инклюзивті орта құрудың негізгі талаптарын түсіндіреді;</p> <p>оқу-тәрбие процесін баланың даму деңгейі мен қолдау қажеттілігіне қарай бейімдеу тәсілдерін қолданады;</p> <p>топ бөлмесін, ойын, оқу, демалыс және қозғалыс аймақтарын баланың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес ұйымдастыру жолдарын біледі;</p> <p>визуалды қолдау құралдарын және сенсорлық қауіпсіздік тәсілдерін оқу-тәрбие процесінде қолданады;</p> <p>ойын арқылы балалардың қарым-қатынасын, әлеуметтік дағдыларын және топтық өзара әрекетін дамытуға</p>  |

|                     |   |
|---------------------|---|
|                     | арналған педагогикалық тәсілдерді таңдайды.   |
| Модуль сипаттамасы: | <p>Бұл модуль мектепке дейінгі ұйым жағдайында қолжетімді, дамытушы және қауіпсіз инклюзивті орта құрудың практикалық негіздерін меңгертуге бағытталған. Модуль аясында оқу-тәрбие процесін баланың даму деңгейіне, жеке мүмкіндіктеріне, сенсорлық ерекшеліктеріне, қарым-қатынас қажеттілігіне және өзін-өзі реттеу мүмкіндігіне қарай бейімдеу мәселелері қарастырылады.</p> <p>Модульде инклюзивті орта тек физикалық кеңістікті өзгерту ретінде емес, баланың қатысуын, белсенділігін, өзара әрекетін және дамуын қолдайтын педагогикалық жүйе ретінде сипатталады. Тыңдаушылар топ бөлмесін, ойын, оқу, демалыс және қозғалыс аймақтарын ұйымдастыруда қауіпсіздік, қолжетімділік, көрнекілік, реттілік және болжамдылық қағидаларын қолдануды меңгереді.</p> <p>Визуалды қолдау құралдарын қолдануға ерекше назар аударылады. Күн тәртібі, таңдау тақтасы, «алдымен–содан кейін» жүйесі, пиктограммалар, қысқа нұсқаулықтар және көрнекі белгілер баланың оқу-тәрбие процесін жақсы түсінуіне, әрекет ретін сақтауға, тапсырманы орындауға және өз мінез-құлқын реттеуге көмектесетін құралдар ретінде қарастырылады.</p> <p>Модуль мазмұнында сенсорлық қауіпсіз орта құру мәселелері де қамтылады. Жарықтың орналасуы, дыбыс деңгейі, түстердің үйлесімі, кеңістіктің реттелуі, материалдардың қолжетімділігі және баланың тынығу мүмкіндігі мектепке дейінгі ұйымдағы эмоционалды жайлы</p> |

|  |  |
|--|--|
|  | <p>ортаның маңызды құрамдас бөлігі ретінде түсіндіріледі.</p> <p>Ойын арқылы қарым-қатынас пен әлеуметтік дағдыларды дамыту модульдің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Тыңдаушылар ойын әрекеті арқылы баланың құрдастарымен өзара әрекетке түсуін, кезек күтуін, ережені сақтауын, таңдау жасауын, бірлескен әрекетке қатысуын және әлеуметтік ортаға бейімделуін қолдау тәсілдерін меңгереді.</p> <p>Модуль нәтижесінде тыңдаушылар мектепке дейінгі ұйымдағы инклюзивті ортаны баланың нақты даму ерекшеліктеріне сай ұйымдастыру, оқу-тәрбие процесін бейімдеу, визуалды және сенсорлық қолдау құралдарын қолдану, ойын арқылы әлеуметтік дағдыларды дамыту бойынша практикалық құзыреттерді меңгереді.</p> |
|--|--|

**Модуль 4. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды педагогикалық қолдау технологиялары**

|                       |   |
|-----------------------|---|
| Модульдің мақсаты:    | Тыңдаушыларға мектепке дейінгі ұйым жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды педагогикалық қолдау тәсілдерін меңгерту.   |
| Модульдің міндеттері: | <p>Сөйлеу тілі бұзылыстары бар балаларды педагогикалық қолдау тәсілдерін меңгерту.</p> <p>Психикалық дамуы тежелген және зиятында бұзылыстары бар балалармен жұмыс жүргізудің ерекшеліктерін түсіндіру.</p> <p>Қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекетінде қиындықтары бар балаларды қолдау тәсілдерін қалыптастыру.</p> <p>Мінез-құлық ерекшеліктері, аутистік спектр бұзылыстары, зейін тапшылығы және гипербелсенділік синдромы бар</p> |

|                                 |   |
|---------------------------------|---|
|                                 | балалармен жұмыс жүргізуде құрылымдалған орта, визуалды қолдау және эмоциялық өзін-өзі реттеу тәсілдерін қолдану жолдарын меңгерту.<br>Көру, есту және тірек-қимыл аппараты зақымдалған балалар үшін оқу-тәрбие ортасын бейімдеу тәсілдерін үйрету.   |
| Модульдің күтілетін нәтижелері: | Модуль аяқталғаннан кейін тыңдаушы: сөйлеу тілі бұзылыстары бар балаларды қолдаудың негізгі педагогикалық тәсілдерін қолданады; психикалық дамуы тежелген және зиятында бұзылыстары бар балаларға тапсырма беру, нұсқаулық ұсыну және оқу әрекетін ұйымдастыру тәсілдерін таңдайды; қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекетінде қиындықтары бар балаларды қолдаудың педагогикалық жолдарын біледі; мінез-құлық ерекшеліктері, аутистік спектр бұзылыстары, зейін тапшылығы және гипербелсенділік синдромы бар балалар үшін визуалды қолдау, құрылымдалған орта және эмоциялық өзін-өзі реттеу тәсілдерін қолданады; көру, есту және тірек-қимыл аппараты зақымдалған балалар үшін оқу-тәрбие ортасын бейімдейді. |
| Модуль сипаттамасы:             | Бұл модуль мектепке дейінгі ұйым жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды педагогикалық қолдау технологияларын меңгертуге бағытталған. Модуль мазмұны баланың дамуындағы, қарым-қатынасындағы, танымдық әрекетіндегі, мінез-құлқындағы, сенсорлық қабылдауындағы және қозғалыс мүмкіндігіндегі ерекшеліктерді оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда ескерілетін  |

маңызды педагогикалық фактор ретінде қарастырады.

Модульде сөйлеу тілі бұзылыстары бар балаларды қолдау тәсілдері қарастырылады. Тыңдаушылар баланың сөздік қорын дамыту, нұсқаулықты түсінуін жеңілдету, сөйлеу белсенділігін арттыру, қарым-қатынасқа ынталандыру, ойын арқылы тілдік дағдыларды дамыту және баланың өз ойын жеткізуіне жағдай жасау жолдарын меңгереді.

Психикалық дамуы тежелген және зиятында бұзылыстары бар балалармен жұмыс барысында тапсырманы қарапайымнан күрделіге қарай ұсыну, қысқа әрі нақты нұсқаулық беру, көрнекілікті қолдану, қайталау, әрекетті кезең-кезеңімен ұйымдастыру, күнделікті дағдыларды қалыптастыру және оқу материалын баланың қабылдау деңгейіне қарай бейімдеу тәсілдері қарастырылады. Қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекетінде қиындықтары бар балаларды қолдау: мінез-құлық ерекшеліктері, аутистік спектр бұзылыстары, зейін тапшылығы және гипербелсенділік синдромы тақырыбы аясында құрылымдалған орта, болжамдылық, визуалды қолдау, қысқа тапсырмалар, қозғалыс үзілістері, әлеуметтік оқиғалар, эмоциялық өзін-өзі реттеу және мінез-құлықты позитивті қолдау тәсілдері ұсынылады. Бұл бағыт балалардың топтық әрекетке қатысуын, құрдастарымен өзара байланыс орнатуын және оқу-тәрбие процесінде өзін қауіпсіз сезінуін қолдауға бағытталады.

Модульде көру, есту және тірек-қимыл аппараты зақымдалған балалар үшін оқу-тәрбие ортасын бейімдеу мәселелері

|  |   |
|--|---|
|  | <p>де қамтылады. Тыңдаушылар көрнекі материалдарды ірілендіру, түстердің контрастын сақтау, дыбыстық және визуалды белгілерді қолдану, кеңістікті қауіпсіз ұйымдастыру, қозғалыс мүмкіндігін ескеру және тапсырмаларды баланың қабылдау ерекшелігіне қарай ұсыну тәсілдерін меңгереді.</p> <p>Модуль нәтижесінде тыңдаушылар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға педагогикалық қолдау көрсетуде баланың нақты мүмкіндігін, даму деңгейін, қарым-қатынас ерекшелігін және қолдау қажеттілігін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру жолдарын меңгереді.</p> |
|--|---|

**Модуль 5. Оқу бағдарламасын бейімдеу, жеке оқу бағдарламасын әзірлеу және түзете-дамыту жұмысын жоспарлау**

|                              |   |
|------------------------------|---|
| <p>Модульдің мақсаты:</p>    | <p>Тыңдаушыларға мектепке дейінгі ұйым жағдайында оқу бағдарламасын баланың даму деңгейі мен қолдау қажеттілігіне қарай бейімдеу, жеке оқу бағдарламасын әзірлеу және түзете-дамыту жұмысын жоспарлау жолдарын меңгерту.</p>  |
| <p>Модульдің міндеттері:</p> | <p>Оқу бағдарламасын баланың даму деңгейі, жеке мүмкіндіктері және қолдау қажеттілігіне қарай бейімдеу тәсілдерін түсіндіру.</p> <p>Жеке оқу бағдарламасының құрылымын, мазмұнын және әзірлеу алгоритмін меңгерту.</p> <p>Педагогикалық диагностика және бағалау нәтижелерін жеке оқу бағдарламасын әзірлеуде қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Түзете-дамыту жұмысын сөйлеу, таным, моторика, коммуникация және әлеуметтік дағдылар бағытында жоспарлау жолдарын үйрету.</p> |

|  |  |
|--|--|
|  | <p>Қысқа мерзімді мақсаттар қою, күтілетін нәтижелерді анықтау және баланың даму динамикасын бақылау тәсілдерін меңгерту.</p>  |
| <p>Модульдің күтілетін нәтижелері:</p> | <p>Модуль аяқталғаннан кейін тыңдаушы: оқу бағдарламасын баланың даму деңгейі, жеке мүмкіндіктері және қолдау қажеттілігіне қарай бейімдеу жолдарын біледі;<br/>жеке оқу бағдарламасының құрылымын, мазмұнын және әзірлеу алгоритмін түсіндіреді;<br/>педагогикалық диагностика және бағалау нәтижелерін жеке оқу бағдарламасын құрастыруда қолданады;<br/>түзете-дамыту жұмысын сөйлеу, таным, моторика, коммуникация және әлеуметтік дағдылар бағытында жоспарлайды;<br/>қысқа мерзімді мақсаттарды, күтілетін нәтижелерді және даму динамикасын бақылау көрсеткіштерін анықтайды.</p>   |
| <p>Модуль сипаттамасы:</p>             | <p>Бұл модуль мектепке дейінгі ұйым жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған оқу бағдарламасын бейімдеу, жеке оқу бағдарламасын әзірлеу және түзете-дамыту жұмысын жоспарлау бойынша практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Модуль мазмұны баланың даму деңгейін, жеке мүмкіндіктерін, қызығушылықтарын, қарым-қатынас ерекшеліктерін және қолдау қажеттілігін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жүйелі жоспарлауға мүмкіндік береді.<br/>Модульде оқу бағдарламасын бейімдеу баланың мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасының мазмұнын өз даму деңгейі мен жеке мүмкіндіктеріне</p> |

сәйкес меңгеруіне жағдай жасау құралы ретінде қарастырылады.

Тыңдаушылар тапсырманың көлемін, күрделілік деңгейін, орындау уақытын, нұсқаулықты, көрнекілікті, ойын әрекетін, бағалау тәсілін және педагогикалық қолдау көлемін баланың нақты мүмкіндігіне қарай өзгерту жолдарын меңгереді.

Жеке оқу бағдарламасын әзірлеу тақырыбы аясында баланың бастапқы даму деңгейін сипаттау, күшті жақтарын анықтау, қолдау қажеттілігін белгілеу, оқу мақсаттарын бейімдеу, күтілетін нәтижелерді нақтылау және педагогтердің жауапкершілік аймағын бөлу мәселелері қарастырылады. Жеке оқу бағдарламасы баланың білім беру процесіне қатысуын қамтамасыз ететін, педагогтер мен психологиялық-педагогикалық қолдау қызметіндегі мамандардың жұмысын үйлестіретін негізгі құжат ретінде сипатталады.

Түзете-дамыту жұмысын жоспарлау барысында сөйлеу, таным, моторика, коммуникация және әлеуметтік дағдыларды дамыту бағыттары қамтылады. Тыңдаушылар баланың даму ерекшеліктеріне сәйкес қысқа мерзімді мақсаттар қоюды, ойын және практикалық тапсырмалар арқылы дамыту жұмысын ұйымдастыруды, жеке және топтық жұмыс түрлерін таңдауды үйренеді.

Модульде педагогикалық диагностика және бағалау нәтижелерін қолдануға ерекше мән беріледі. Бағалау нәтижелері жеке оқу бағдарламасын әзірлеуге, түзете-дамыту жұмысының мазмұнын нақтылауға және баланың даму динамикасын бақылауға негіз болады.

|  |  |
|--|--|
|  | Модуль нәтижесінде тыңдаушылар оқу бағдарламасын формалды түрде емес, баланың нақты даму деңгейі мен қолдау қажеттілігіне сәйкес бейімдеуді, жеке оқу бағдарламасын әзірлеуді, түзете-дамыту жұмысын жоспарлауды және күтілетін нәтижелерді анықтауды меңгереді. |
|--|--|

**Модуль 6. Құжаттама, мониторинг, ата-анамен жұмыс және қолдау нәтижелерін қорытындылау**

|                                 |  |
|---------------------------------|--|
| Модульдің мақсаты:              | Тыңдаушыларға мектепке дейінгі ұйым жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау бойынша құжаттаманы жүргізу, даму динамикасын мониторингтеу, ата-анамен тиімді кері байланыс орнату және қолдау нәтижелерін қорытындылау жолдарын меңгерту.   |
| Модульдің міндеттері:           | <p>Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау бойынша мектепке дейінгі ұйымда жүргізілетін негізгі құжаттардың мазмұны мен рәсімделу тәртібін түсіндіру.</p> <p>Педагогикалық бақылау картасы, жеке даму картасы, жеке оқу бағдарламасы, түзете-дамыту бағдарламасы, мониторинг парағы және ата-анамен кері байланыс құжаттарын жүйелі жүргізу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Баланың даму динамикасын бақылау және мониторинг нәтижелерін талдау тәсілдерін меңгерту.</p> <p>Ата-анамен серіктестік орнату, кәсіби кері байланыс беру және үй жағдайында қолдау шараларын ұйымдастыру жолдарын үйрету.</p> <p>Қолдау нәтижелерін қорытындылау және келесі кезеңге арналған педагогикалық шешімдер қабылдау дағдыларын дамыту.</p> |
| Модульдің күтілетін нәтижелері: | Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушы: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау бойынша мектепке дейінгі ұйымда жүргізілетін негізгі құжаттардың мақсаты мен мазмұнын біледі;   |

|                            |  |
|----------------------------|--|
|                            | <p>педагогикалық бақылау картасын, жеке даму картасын, жеке оқу бағдарламасын, түзете-дамыту бағдарламасын және мониторинг парағын жүйелі жүргізеді; баланың даму динамикасын бақылап, мониторинг нәтижелерін талдайды; ата-анамен кәсіби кері байланыс орнатады және үй жағдайында қолдау бойынша ұсынымдар әзірлейді; қолдау жұмысының нәтижелерін қорытындылап, келесі кезеңге арналған қолдау шараларын жоспарлайды.</p>   |
| <p>Модуль сипаттамасы:</p> | <p>Бұл модуль мектепке дейінгі ұйым жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау бойынша құжаттаманы жүргізу, мониторинг нәтижелерін талдау, ата-анамен серіктестік орнату және қолдау нәтижелерін қорытындылау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.</p> <p>Модульде құжаттама педагогтің формалды есеп беру құралы ретінде ғана емес, баланың даму динамикасын бақылауға, қолдау шараларының тиімділігін бағалауға және келесі педагогикалық әрекеттерді жоспарлауға мүмкіндік беретін маңызды кәсіби құрал ретінде қарастырылады. Тыңдаушылар педагогикалық бақылау картасы, жеке даму картасы, жеке оқу бағдарламасы, түзете-дамыту бағдарламасы, мониторинг парағы, ата-анамен кері байланыс парағы және ППҚҚ отырысына қатысты құжаттарды жүргізудің жалпы талаптарымен танысады.</p> <p>Баланың даму динамикасын мониторингтеу барысында оның сөйлеу, танымдық, әлеуметтік-коммуникативтік, эмоциялық, қозғалыс және мінез-құлықтық дамуындағы өзгерістерді жүйелі бақылау мәселелері қарастырылады. Тыңдаушылар қысқа мерзімді мақсаттардың орындалуын талдау, қолдау шараларының нәтижелілігін бағалау, қиындықтардың сақталу себептерін анықтау</p> |

|  |   |
|--|---|
|  | <p>және келесі кезеңге түзетулер енгізу тәсілдерін меңгереді.</p> <p>Ата-анамен жұмыс модульдің маңызды бағыты ретінде қарастырылады. Тыңдаушылар ата-анамен сенімді серіктестік орнату, баланың жетістіктері мен қолдау қажет ететін тұстары туралы кәсіби түрде ақпарат беру, үй жағдайында орындалатын қарапайым қолдау шараларын түсіндіру және тұрақты кері байланыс жүргізу жолдарын үйренеді.</p> <p>Модульде қолдау нәтижелерін қорытындылау мәселесіне де ерекше назар аударылады. Бағалау, бақылау және мониторинг деректері негізінде педагогтер баланың дамуындағы оң өзгерістерді, сақталып отырған қиындықтарды, қолдау шараларының тиімділігін және келесі кезеңде атқарылатын жұмыстың басым бағыттарын анықтайды.</p> <p>Модуль нәтижесінде тыңдаушылар құжаттаманы жүйелі жүргізуді, баланың даму динамикасын талдауды, ата-анамен кәсіби кері байланыс орнатуды және қолдау нәтижелеріне сүйене отырып, педагогикалық жұмысты қайта жоспарлауды меңгереді.</p> |
|--|---|

**72 академиялық сағатқа арналған аудиториялық оқытудың оқу-тақырыптық жоспары**

| <b>№</b> | <b>Модульдер мен тақырыптардың атауы</b>  | <b>Д<br/>э<br/>р<br/>іс</b> | <b>Пр<br/>ак<br/>ти<br/>ка<br/>л<br/>ы<br/>қ<br/>са<br/>ба<br/>қ</b> | <b>С<br/>е<br/>м<br/>и<br/>а<br/>р</b> | <b>Б<br/>а<br/>р<br/>л<br/>ы<br/>ғ<br/>ы</b> |
|----------|---|-----------------------------|--|--|--|
| <b>1</b> | <b>Мектепке дейінгі ұйымдағы инклюзивті білім беру: құқықтық және ұйымдастырушылық негіздер</b> | <b>3</b>                    | <b>4</b>   | <b>3</b>                               | <b>10</b>                                    |

|          |  |          |          |          |           |
|----------|--|----------|----------|----------|-----------|
| 1.1      | Мектепке дейінгі ұйымдағы инклюзивті білім берудің құқықтық негіздері  | 1        | 1        | 1        | 3         |
| 1.2      | Мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру талаптары  | 1        | 1        |          | 2         |
| 1.3      | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдаудағы педагогтердің кәсіби рөлі  | 1        | 1        | 1        | 3         |
| 1.4      | Инклюзивті мәдениет, педагогикалық этика және қауіпсіз орта  |          | 1        | 1        | 2         |
| <b>2</b> | <b>Мектепке дейінгі ұйымдағы психологиялық-педагогикалық қолдау, педагогикалық диагностика және баланың даму динамикасын бағалау</b> | <b>4</b> | <b>4</b> | <b>4</b> | <b>12</b> |
| 2.1      | Психологиялық-педагогикалық қолдаудың мақсаты, міндеттері және негізгі бағыттары   | 1        | 1        | 1        | 3         |
| 2.2      | Баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін, жеке мүмкіндіктері мен қолдау қажеттілігін анықтау  | 1        | 1        | 1        | 3         |
| 2.3      | Педагогикалық диагностика: мақсаты, қағидалары және типтік мониторингпен байланысы   | 1        | 1        | 1        | 3         |
| 2.4      | Бағалау нәтижелерін талдау, ППҚҚ отырысында қолдау шараларын жоспарлау және жеке даму картасын толтыру                               | 1        | 1        | 1        | 3         |
| <b>3</b> | <b>Қолжетімді, дамытушы және қауіпсіз инклюзивті орта құру</b>   | <b>4</b> | <b>4</b> | <b>4</b> | <b>12</b> |
| 3.1      | Мектепке дейінгі ұйымда оқу-тәрбие процесін баланың даму деңгейі мен қолдау қажеттілігіне қарай бейімдеу                             | 1        | 1        | 1        | 3         |
| 3.2      | Топ бөлмесін, ойын, оқу, демалыс және қозғалыс аймақтарын бейімдеу   | 1        | 1        | 1        | 3         |
| 3.3      | Визуалды қолдау құралдарын қолдану және сенсорлық қауіпсіз орта құру   | 1        | 1        | 1        | 3         |
| 3.4      | Ойын арқылы қарым-қатынас, әлеуметтік дағдылар және топтық өзара әрекетті дамыту   | 1        | 1        | 1        | 3         |
| <b>4</b> | <b>Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды педагогикалық қолдау технологиялары</b>  | <b>4</b> | <b>8</b> | <b>4</b> | <b>16</b> |
| 4.1      | Сөйлеу тілі бұзылыстары бар балаларды педагогикалық қолдау тәсілдері   | 1        | 2        | 1        | 4         |
| 4.2      | Психикалық дамуы тежелген және зиятында бұзылыстары бар балалармен жұмыс жүргізу тәсілдері   | 1        | 2        | 1        | 4         |
| 4.3      | Қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекетінде қиындықтары бар балаларды қолдау: мінез-құлық   | 1        | 2        | 1        | 4         |

|                |  |           |           |           |           |
|----------------|--|-----------|-----------|-----------|-----------|
|                | ерекшеліктері, аутистік спектр бұзылыстары, зейін тапшылығы және гипербелсенділік синдромы               |           |           |           |           |
| 4.4            | Көру, есту және тірек-қимыл аппараты зақымдалған балалар үшін оқу-тәрбие ортасын бейімдеу                | 1         | 2         | 1         | 4         |
| <b>5</b>       | <b>Оқу бағдарламасын бейімдеу, жеке оқу бағдарламасын әзірлеу және түзете-дамыту жұмысын жоспарлау</b>   | <b>4</b>  | <b>4</b>  | <b>4</b>  | <b>12</b> |
| 5.1            | Оқу бағдарламасын баланың даму деңгейі, жеке мүмкіндіктері және қолдау қажеттілігіне қарай бейімдеу      | 1         | 1         | 1         | 3         |
| 5.2            | Жеке оқу бағдарламасын әзірлеудің құрылымы, мазмұны және алгоритмі                                       | 1         | 1         | 1         | 3         |
| 5.3            | Түзете-дамыту жұмысын жоспарлау: сөйлеу, таным, моторика, коммуникация және әлеуметтік дағдылар          | 1         | 1         | 1         | 3         |
| 5.4            | Қысқа мерзімді мақсаттар, жетістік индикаторлары және даму динамикасын бақылау                           | 1         | 1         | 1         | 3         |
| <b>6</b>       | <b>Құжаттама, мониторинг, ата-анамен жұмыс және қолдау нәтижелерін қорытындылау</b>                      | <b>3</b>  | <b>4</b>  | <b>3</b>  | <b>10</b> |
| 6.1            | Мектепке дейінгі ұйымда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау бойынша құжаттарды жүргізу | 1         | 1         | 1         | 3         |
| 6.2            | Баланың даму динамикасын бақылау және мониторинг нәтижелерін талдау                                      | 1         | 1         | 1         | 3         |
| 6.3            | Ата-анамен серіктестік, кері байланыс және үй жағдайында қолдау шараларын ұйымдастыру                    | 1         | 2         | 1         | 4         |
| <b>Барлығы</b> |  | <b>22</b> | <b>28</b> | <b>22</b> | <b>72</b> |

**80 академиялық сағатқа арналған аудиториялық оқытудың оқу-тақырыптық жоспары**

| <b>№</b> | <b>Д<br/>ә<br/>р<br/>іс</b>              | <b>Пр<br/>ак<br/>ти<br/>ка<br/>л<br/>ы<br/>қ<br/>са<br/>ба<br/>қ</b> | <b>С<br/>е<br/>м<br/>и<br/>на<br/>р</b> | <b>Б<br/>а<br/>р<br/>л<br/>ы<br/>ғ<br/>ы</b> |
|----------|--|--|---|--|
|          | <b>Модульдер мен тақырыптардың атауы</b> |  |   |  |

|          |  |          |          |          |           |
|----------|--|----------|----------|----------|-----------|
| <b>1</b> | <b>Мектепке дейінгі ұйымдағы инклюзивті білім беру: құқықтық және ұйымдастырушылық негіздер</b>                                      | <b>3</b> | <b>4</b> | <b>3</b> | <b>10</b> |
| 1.1      | Мектепке дейінгі ұйымдағы инклюзивті білім берудің құқықтық негіздері  | 1        | 1        | 1        | 3         |
| 1.2      | Мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру талаптары  | 1        | 1        |          | 2         |
| 1.3      | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдаудағы педагогтердің кәсіби рөлі  | 1        | 1        | 1        | 3         |
| 1.4      | Инклюзивті мәдениет, педагогикалық этика және қауіпсіз орта  |          | 1        | 1        | 2         |
| <b>2</b> | <b>Мектепке дейінгі ұйымдағы психологиялық-педагогикалық қолдау, педагогикалық диагностика және баланың даму динамикасын бағалау</b> | <b>4</b> | <b>8</b> | <b>4</b> | <b>16</b> |
| 2.1      | Психологиялық-педагогикалық қолдаудың мақсаты, міндеттері және негізгі бағыттары   | 1        | 2        | 1        | 4         |
| 2.2      | Баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін, жеке мүмкіндіктері мен қолдау қажеттілігін анықтау  | 1        | 2        | 1        | 4         |
| 2.3      | Педагогикалық диагностика: мақсаты, қағидалары және типтік мониторингпен байланысы   | 1        | 2        | 1        | 4         |
| 2.4      | Бағалау нәтижелерін талдау, ППҚҚ отырысында қолдау шараларын жоспарлау және жеке даму картасын толтыру                               | 1        | 2        | 1        | 4         |
| <b>3</b> | <b>Қолжетімді, дамытушы және қауіпсіз инклюзивті орта құру</b>   | <b>4</b> | <b>4</b> | <b>4</b> | <b>12</b> |
| 3.1      | Мектепке дейінгі ұйымда оқу-тәрбие процесін баланың даму деңгейі мен қолдау қажеттілігіне қарай бейімдеу                             | 1        | 1        | 1        | 3         |
| 3.2      | Топ бөлмесін, ойын, оқу, демалыс және қозғалыс аймақтарын бейімдеу   | 1        | 1        | 1        | 3         |
| 3.3      | Визуалды қолдау құралдарын қолдану және сенсорлық қауіпсіз орта құру   | 1        | 1        | 1        | 3         |
| 3.4      | Ойын арқылы қарым-қатынас, әлеуметтік дағдылар және топтық өзара әрекетті дамыту   | 1        | 1        | 1        | 3         |
| <b>4</b> | <b>Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды педагогикалық қолдау технологиялары</b>  | <b>4</b> | <b>8</b> | <b>4</b> | <b>16</b> |
| 4.1      | Сөйлеу тілі бұзылыстары бар балаларды педагогикалық қолдау тәсілдері   | 1        | 2        | 1        | 4         |

|                |   |           |           |           |           |
|----------------|---|-----------|-----------|-----------|-----------|
| 4.2            | Психикалық дамуы тежелген және зиятында бұзылыстары бар балалармен жұмыс жүргізу тәсілдері  | 1         | 2         | 1         | 4         |
| 4.3            | Қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекетінде қиындықтары бар балаларды қолдау: мінез-құлық ерекшеліктері, аутистік спектр бұзылыстары, зейін тапшылығы және гипербелсенділік синдромы | 1         | 2         | 1         | 4         |
| 4.4            | Көру, есту және тірек-қимыл аппараты зақымдалған балалар үшін оқу-тәрбие ортасын бейімдеу   | 1         | 2         | 1         | 4         |
| <b>5</b>       | <b>Оқу бағдарламасын бейімдеу, жеке оқу бағдарламасын әзірлеу және түзете-дамыту жұмысын жоспарлау</b>  | <b>4</b>  | <b>6</b>  | <b>4</b>  | <b>14</b> |
| 5.1            | Оқу бағдарламасын баланың даму деңгейі, жеке мүмкіндіктері және қолдау қажеттілігіне қарай бейімдеу   | 1         | 1         | 1         | 3         |
| 5.2            | Жеке оқу бағдарламасын әзірлеудің құрылымы, мазмұны және алгоритмі  | 1         | 2         | 1         | 4         |
| 5.3            | Түзете-дамыту жұмысын жоспарлау: сөйлеу, таным, моторика, коммуникация және әлеуметтік дағдылар   | 1         | 2         | 1         | 4         |
| 5.4            | Қысқа мерзімді мақсаттар, жетістік индикаторлары және даму динамикасын бақылау  | 1         | 1         | 1         | 3         |
| <b>6</b>       | <b>Құжаттама, мониторинг, ата-анамен жұмыс және қолдау нәтижелерін қорытындылау</b>   | <b>3</b>  | <b>6</b>  | <b>3</b>  | <b>12</b> |
| 6.1            | Мектепке дейінгі ұйымда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау бойынша құжаттарды жүргізу  | 1         | 2         | 1         | 4         |
| 6.2            | Баланың даму динамикасын бақылау және мониторинг нәтижелерін талдау   | 1         | 2         | 1         | 4         |
| 6.3            | Ата-анамен серіктестік, кері байланыс және үй жағдайында қолдау шараларын ұйымдастыру   | 1         | 2         | 1         | 4         |
| <b>Барлығы</b> |   | <b>22</b> | <b>36</b> | <b>22</b> | <b>80</b> |

**72 академиялық сағатқа арналған қашықтан оқытудың оқу-тақырыптық жоспары**

| №   | Модульдер мен тақырыптардың атауы  | Видеосабактар | Вебинар | Тыңдаушының өзінің жұмыстары | Барлығы |
|-----|--|---------------|---------|------------------------------|---------|
| 1   | <b>Мектепке дейінгі ұйымдағы инклюзивті білім беру: құқықтық және ұйымдастырушылық негіздер</b>                                      | 3             | 3       | 4                            | 10      |
| 1.1 | Мектепке дейінгі ұйымдағы инклюзивті білім берудің құқықтық негіздері  | 1             | 1       | 1                            | 3       |
| 1.2 | Мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру талаптары  | 1             |         | 1                            | 2       |
| 1.3 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдаудағы педагогтердің кәсіби рөлі  | 1             | 1       | 1                            | 3       |
| 1.4 | Инклюзивті мәдениет, педагогикалық этика және қауіпсіз орта  |               | 1       | 1                            | 2       |
| 2   | <b>Мектепке дейінгі ұйымдағы психологиялық-педагогикалық қолдау, педагогикалық диагностика және баланың даму динамикасын бағалау</b> | 4             | 4       | 4                            | 12      |

|          |   |          |          |          |           |
|----------|---|----------|----------|----------|-----------|
| 2.1      | Психологиялық-педагогикалық қолдаудың мақсаты, міндеттері және негізгі бағыттары  | 1        | 1        | 1        | 3         |
| 2.2      | Баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін, жеке мүмкіндіктері мен қолдау қажеттілігін анықтау   | 1        | 1        | 1        | 3         |
| 2.3      | Педагогикалық диагностика: мақсаты, қағидалары және типтік мониторингпен байланысы  | 1        | 1        | 1        | 3         |
| 2.4      | Бағалау нәтижелерін талдау, ППҚҚ отырысында қолдау шараларын жоспарлау және жеке даму картасын толтыру  | 1        | 1        | 1        | 3         |
| <b>3</b> | <b>Қолжетімді, дамытушы және қауіпсіз инклюзивті орта құру</b>  | <b>4</b> | <b>4</b> | <b>4</b> | <b>12</b> |
| 3.1      | Мектепке дейінгі ұйымда оқу-тәрбие процесін баланың даму деңгейі мен қолдау қажеттілігіне қарай бейімдеу  | 1        | 1        | 1        | 3         |
| 3.2      | Топ бөлмесін, ойын, оқу, демалыс және қозғалыс аймақтарын бейімдеу  | 1        | 1        | 1        | 3         |
| 3.3      | Визуалды қолдау құралдарын қолдану және сенсорлық қауіпсіз орта құру  | 1        | 1        | 1        | 3         |
| 3.4      | Ойын арқылы қарым-қатынас, әлеуметтік дағдылар және топтық өзара әрекетті дамыту  | 1        | 1        | 1        | 3         |
| <b>4</b> | <b>Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды педагогикалық қолдау технологиялары</b>   | <b>4</b> | <b>4</b> | <b>8</b> | <b>16</b> |
| 4.1      | Сөйлеу тілі бұзылыстары бар балаларды педагогикалық қолдау тәсілдері  | 1        | 1        | 2        | 4         |
| 4.2      | Психикалық дамуы тежелген және зиятында бұзылыстары бар балалармен жұмыс жүргізу тәсілдері  | 1        | 1        | 2        | 4         |
| 4.3      | Қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекетінде қиындықтары бар балаларды қолдау: мінез-құлық ерекшеліктері, аутистік спектр бұзылыстары, зейін тапшылығы және гипербелсенділік синдромы | 1        | 1        | 2        | 4         |
| 4.4      | Көру, есту және тірек-қимыл аппараты зақымдалған балалар үшін оқу-тәрбие ортасын бейімдеу   | 1        | 1        | 2        | 4         |
| <b>5</b> | <b>Оқу бағдарламасын бейімдеу, жеке оқу бағдарламасын әзірлеу және түзете-дамыту жұмысын жоспарлау</b>  | <b>4</b> | <b>4</b> | <b>4</b> | <b>12</b> |
| 5.1      | Оқу бағдарламасын баланың даму деңгейі, жеке мүмкіндіктері және қолдау қажеттілігіне қарай бейімдеу   | 1        | 1        | 1        | 3         |

|                |  |           |           |           |           |
|----------------|--|-----------|-----------|-----------|-----------|
| 5.<br>2        | Жеке оқу бағдарламасын әзірлеудің құрылымы, мазмұны және алгоритмі                                       | 1         | 1         | 1         | 3         |
| 5.<br>3        | Түзете-дамыту жұмысын жоспарлау: сөйлеу, таным, моторика, коммуникация және әлеуметтік дағдылар          | 1         | 1         | 1         | 3         |
| 5.<br>4        | Қысқа мерзімді мақсаттар, жетістік индикаторлары және даму динамикасын бақылау                           | 1         | 1         | 1         | 3         |
| <b>6</b>       | <b>Құжаттама, мониторинг, ата-анамен жұмыс және қолдау нәтижелерін қорытындылау</b>                      | <b>3</b>  | <b>3</b>  | <b>4</b>  | <b>10</b> |
| 6.<br>1        | Мектепке дейінгі ұйымда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау бойынша құжаттарды жүргізу | 1         | 1         | 1         | 3         |
| 6.<br>2        | Баланың даму динамикасын бақылау және мониторинг нәтижелерін талдау                                      | 1         | 1         | 1         | 3         |
| 6.<br>3        | Ата-анамен серіктестік, кері байланыс және үй жағдайында қолдау шараларын ұйымдастыру                    | 1         | 1         | 2         | 4         |
| <b>Барлығы</b> |  | <b>22</b> | <b>22</b> | <b>28</b> | <b>72</b> |

**80 академиялық сағатқа арналған қашықтан оқытудың оқу-тақырыптық жоспары**

| №   | Модульдер мен тақырыптардың атауы  | Видеосабактар | Вебинар | Тыңдаушының өзінің жұмыстары | Барлығы |
|-----|--|---------------|---------|------------------------------|---------|
| 1   | <b>Мектепке дейінгі ұйымдағы инклюзивті білім беру: құқықтық және ұйымдастырушылық негіздер</b>                                      | 3             | 3       | 4                            | 10      |
| 1.1 | Мектепке дейінгі ұйымдағы инклюзивті білім берудің құқықтық негіздері  | 1             | 1       | 1                            | 3       |
| 1.2 | Мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру талаптары  | 1             |         | 1                            | 2       |
| 1.3 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдаудағы педагогтердің кәсіби рөлі  | 1             | 1       | 1                            | 3       |
| 1.4 | Инклюзивті мәдениет, педагогикалық этика және қауіпсіз орта  |               | 1       | 1                            | 2       |
| 2   | <b>Мектепке дейінгі ұйымдағы психологиялық-педагогикалық қолдау, педагогикалық диагностика және баланың даму динамикасын бағалау</b> | 4             | 4       | 8                            | 16      |

|          |   |          |          |          |           |
|----------|---|----------|----------|----------|-----------|
| 2.1      | Психологиялық-педагогикалық қолдаудың мақсаты, міндеттері және негізгі бағыттары  | 1        | 1        | 2        | 4         |
| 2.2      | Баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін, жеке мүмкіндіктері мен қолдау қажеттілігін анықтау   | 1        | 1        | 2        | 4         |
| 2.3      | Педагогикалық диагностика: мақсаты, қағидалары және типтік мониторингпен байланысы  | 1        | 1        | 2        | 4         |
| 2.4      | Бағалау нәтижелерін талдау, ППҚҚ отырысында қолдау шараларын жоспарлау және жеке даму картасын толтыру  | 1        | 1        | 2        | 4         |
| <b>3</b> | <b>Қолжетімді, дамытушы және қауіпсіз инклюзивті орта құру</b>  | <b>4</b> | <b>4</b> | <b>4</b> | <b>12</b> |
| 3.1      | Мектепке дейінгі ұйымда оқу-тәрбие процесін баланың даму деңгейі мен қолдау қажеттілігіне қарай бейімдеу  | 1        | 1        | 1        | 3         |
| 3.2      | Топ бөлмесін, ойын, оқу, демалыс және қозғалыс аймақтарын бейімдеу  | 1        | 1        | 1        | 3         |
| 3.3      | Визуалды қолдау құралдарын қолдану және сенсорлық қауіпсіз орта құру  | 1        | 1        | 1        | 3         |
| 3.4      | Ойын арқылы қарым-қатынас, әлеуметтік дағдылар және топтық өзара әрекетті дамыту  | 1        | 1        | 1        | 3         |
| <b>4</b> | <b>Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды педагогикалық қолдау технологиялары</b>   | <b>4</b> | <b>4</b> | <b>8</b> | <b>16</b> |
| 4.1      | Сөйлеу тілі бұзылыстары бар балаларды педагогикалық қолдау тәсілдері  | 1        | 1        | 2        | 4         |
| 4.2      | Психикалық дамуы тежелген және зиятында бұзылыстары бар балалармен жұмыс жүргізу тәсілдері  | 1        | 1        | 2        | 4         |
| 4.3      | Қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекетінде қиындықтары бар балаларды қолдау: мінез-құлық ерекшеліктері, аутистік спектр бұзылыстары, зейін тапшылығы және гипербелсенділік синдромы | 1        | 1        | 2        | 4         |
| 4.4      | Көру, есту және тірек-қимыл аппараты зақымдалған балалар үшін оқу-тәрбие ортасын бейімдеу   | 1        | 1        | 2        | 4         |
| <b>5</b> | <b>Оқу бағдарламасын бейімдеу, жеке оқу бағдарламасын әзірлеу және түзете-дамыту жұмысын жоспарлау</b>  | <b>4</b> | <b>4</b> | <b>6</b> | <b>14</b> |
| 5.1      | Оқу бағдарламасын баланың даму деңгейі, жеке мүмкіндіктері және қолдау қажеттілігіне қарай бейімдеу   | 1        | 1        | 1        | 3         |

|                |  |           |           |           |           |
|----------------|--|-----------|-----------|-----------|-----------|
| 5.2            | Жеке оқу бағдарламасын әзірлеудің құрылымы, мазмұны және алгоритмі                                       | 1         | 1         | 2         | 4         |
| 5.3            | Түзете-дамыту жұмысын жоспарлау: сөйлеу, таным, моторика, коммуникация және әлеуметтік дағдылар          | 1         | 1         | 2         | 4         |
| 5.4            | Қысқа мерзімді мақсаттар, жетістік индикаторлары және даму динамикасын бақылау                           | 1         | 1         | 1         | 3         |
| <b>6</b>       | <b>Құжаттама, мониторинг, ата-анамен жұмыс және қолдау нәтижелерін қорытындылау</b>                      | <b>3</b>  | <b>3</b>  | <b>6</b>  | <b>12</b> |
| 6.1            | Мектепке дейінгі ұйымда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау бойынша құжаттарды жүргізу | 1         | 1         | 2         | 4         |
| 6.2            | Баланың даму динамикасын бақылау және мониторинг нәтижелерін талдау                                      | 1         | 1         | 2         | 4         |
| 6.3            | Ата-анамен серіктестік, кері байланыс және үй жағдайында қолдау шараларын ұйымдастыру                    | 1         | 1         | 2         | 4         |
| <b>Барлығы</b> |  | <b>22</b> | <b>22</b> | <b>36</b> | <b>80</b> |

## 6. Оқу процесін ұйымдастыру

«Мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті білім беру: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды педагогикалық қолдаудың заманауи тәсілдері» біліктілікті арттыру курсының оқу бағдарламасы бойынша оқу процесі модульдік құрылым, практикаға бағытталған оқыту формалары және заманауи цифрлық білім беру технологиялары негізінде ұйымдастырылады.

*Бағдарламаны іске асыру көлемі*

Бағдарламаның жалпы көлемі – 72, 80 академиялық сағат.

*Оқыту нысандары*

Бағдарлама келесі оқыту нысандарында іске асырылады:

*Аудиториялық оқыту:* дәрістер, практикалық сабақтар, семинарлар оқытушының тікелей қатысуымен өткізіледі. Сабақ барысында нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау, педагогикалық кейстерді шешу, құжат үлгілерімен жұмыс, оқу бағдарламасын бейімдеу, жеке оқу бағдарламасын әзірлеу және қолдау шараларын жоспарлау сияқты практикалық тапсырмалар орындалады.

*Қашықтан оқыту:* видеосабақтар, вебинарлар, онлайн тапсырмалар, тыңдаушының өзіндік жұмысы, цифрлық ресурстармен жұмыс және қорытынды аттестаттау онлайн форматта ұйымдастырылады. Қашықтан оқыту барысында тыңдаушылар оқу материалдарын өзіне ыңғайлы уақытта меңгеріп, вебинарларда оқытушымен кері байланыс алады.

*Оқу процесінің құрылымы*

Оқу процесі келесі компоненттерден тұрады:

*Видеосабақтар:* әр модуль бойынша негізгі теориялық материалдар, презентациялар, әдістемелік түсіндірмелер, мектепке дейінгі ұйым

тәжірибесінен алынған педагогикалық жағдайлар және практикалық мысалдар ұсынылады.

*Вебинарлар:* оқытушымен синхронды онлайн кездесулер түрінде өткізіледі. Вебинарларда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау, педагогикалық диагностика, жеке даму картасы, жеке оқу бағдарламасы, ата-анамен жұмыс және құжаттама жүргізу мәселелері талқыланады.

*Дәрістер:* мектепке дейінгі ұйымдағы инклюзивті білім берудің құқықтық, ұйымдастырушылық, әдістемелік және психологиялық-педагогикалық негіздерін түсіндіруге бағытталады.

*Практикалық сабақтар:* педагогикалық бақылау картасын толтыру, бағалау нәтижелерін талдау, жеке даму картасын әзірлеу, оқу бағдарламасын бейімдеу, жеке оқу бағдарламасын құрастыру, түзете-дамыту жұмысын жоспарлау және ата-анамен кері байланыс үлгілерін дайындау бойынша жүргізіледі.

*Семинарлар:* тәжірибе алмасу, педагогикалық жағдаяттарды талдау, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметіндегі мамандардың бірлескен жұмысын талқылау, инклюзивті мәдениет, педагогикалық этика және қауіпсіз орта құру мәселелерін қарастыруға бағытталады.

*Тыңдаушының өзіндік жұмысы:* нормативтік-құқықтық құжаттармен жұмыс, педагогикалық кейстерді талдау, қолжетімді орта бойынша чек-парақ әзірлеу, жеке оқу бағдарламасының үлгісін дайындау, түзете-дамыту бағдарламасын құрастыру және қорытынды практикалық тапсырманы орындау түрінде ұйымдастырылады.

*Қорытынды аттестаттау.* Қорытынды аттестаттау тестілеу, практикалық тапсырма орындау және қорытынды жұмысты қорғау түрінде өткізіледі. Қорытынды жұмыс ретінде тыңдаушы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаға арналған қолдау пакетін ұсынады. Оның құрамына педагогикалық бақылау материалдары, бағалау нәтижелері, жеке даму картасы, оқу бағдарламасын бейімдеу үлгісі, жеке оқу бағдарламасы, түзете-дамыту бағдарламасы, мониторинг парағы және ата-анамен кері байланыс үлгісі енгізілуі мүмкін.

*Бақылау және кері байланыс түрлері*

Оқу процесінде келесі бақылау және кері байланыс түрлері қолданылады:

- әр модуль бойынша ағымдағы тапсырмалар;
- практикалық кейстерді талдау;
- құжат үлгілерін әзірлеу;
- онлайн платформа немесе қолдау чаты арқылы кері байланыс;
- аралық тапсырмаларды тексеру;
- қорытынды жұмысты сараптамалық бағалау.

*Қашықтан оқытуға арналған техникалық жағдайлар*

Қашықтан оқыту кезінде білім беру платформалары, бейнеконференция құралдары және цифрлық оқу ресурстары қолданылады. Оқу материалдары видеосабактар, презентациялар, нормативтік-әдістемелік материалдар, құжат

үлгілері, практикалық тапсырмалар және кері байланыс құралдары арқылы ұсынылады.

#### *Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету*

Бағдарлама келесі оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етіледі:

- әр модуль бойынша оқу-әдістемелік материалдар;
- презентациялар мен видеосабақтар;
- практикалық және өзіндік жұмыс тапсырмалары;
- педагогикалық бақылау картасының үлгісі;
- жеке даму картасының үлгісі;
- жеке оқу бағдарламасының үлгісі;
- түзете-дамыту бағдарламасының үлгісі;
- мониторинг парағы;
- ата-анамен кері байланыс үлгілері;
- қорытынды практикалық жұмысқа арналған нұсқаулық.

Оқу процесін ұйымдастыру мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби қажеттіліктерін, инклюзивті білім беру ортасын құрудағы практикалық міндеттерді, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау талаптарын және бағдарламаның қолжетімді, икемді, практикаға бағытталған сипатын ескере отырып жүзеге асырылады.

### **7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету**

Біліктілікті арттыру бағдарламасының оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі модульдік, практикаға бағытталған оқыту, рефлексиялық тәсіл және тыңдаушылардың мектепке дейінгі ұйымдағы кәсіби тәжірибесін өзектілендіру қағидаларына негізделген.

Бағдарлама өзара байланысқан алты модульден тұрады. Әрбір модуль мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыруға, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауға, педагогикалық диагностика жүргізуге, оқу бағдарламасын бейімдеуге, жеке оқу бағдарламасын әзірлеуге, түзете-дамыту жұмысын жоспарлауға, құжаттама жүргізуге және ата-анамен серіктестік орнатуға бағытталған дидактикалық материалдар кешенімен қамтамасыз етіледі.

#### *Әрбір модульдің әдістемелік құрылымы*

##### *Теориялық блок:*

- презентациялармен қамтамасыз етілген дәрістер және бейнесабақтар;
- авторлық түсініктеме мәтіндері;
- нормативтік-құқықтық құжаттардан үзінділер;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, инклюзивті білім беру, психологиялық-педагогикалық қолдау және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау бойынша әдістемелік материалдар;

- ұсынылатын әдебиеттер мен нормативтік-әдістемелік ресурстар тізімі.

*Практикаға бағытталған блок:*

- педагогикалық кейстер;
- баланың даму ерекшеліктерін бақылау тапсырмалары;
- педагогикалық диагностика үлгілері;
- жеке даму картасы, жеке оқу бағдарламасы, түзете-дамыту бағдарламасының үлгілері;
- оқу бағдарламасын бейімдеу бойынша практикалық тапсырмалар;
- топ кеңістігін бейімдеу чек-парақтары;
- визуалды қолдау құралдарының үлгілері;
- ата-анамен кері байланыс жүргізу формалары;
- мониторинг парақтары мен қолдау нәтижелерін талдау кестелері.

*Бақылау-бағалау блогы:*

- әр модуль бойынша практикалық тапсырмалар;
- өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар;
- педагогикалық жағдаяттарды талдау;
- чек-парақтар;
- рефлексия парақтары;
- құзыреттіліктерді бағалау кестелері;
- қорытынды практикалық жұмысты бағалау критерийлері.
- Жалпы дидактикалық қолдау

Бағдарламаны іске асыру барысында тыңдаушылар келесі оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етіледі:

- әр модуль бойынша оқу-әдістемелік материалдар;
- дәрістер мен презентациялар;
- бейнесабақтар;
- нормативтік-құқықтық және әдістемелік материалдар;
- практикалық және өзіндік жұмыс тапсырмалары;
- педагогикалық бақылау картасының үлгісі;
- жеке даму картасының үлгісі;
- жеке оқу бағдарламасының үлгісі;
- түзете-дамыту бағдарламасының үлгісі;
- мониторинг парағы;
- ата-анамен кері байланыс парағы;
- үй жағдайында қолдау бойынша ұсыным үлгілері;
- қорытынды практикалық жұмысты орындауға арналған нұсқаулық.

Қашықтан оқыту форматында оқу материалдары білім беру платформасында орналастырылады. Тыңдаушыларға бейнесабақтарға, презентацияларға, тапсырмаларға, құжат үлгілеріне, әдістемелік ұсынымдарға және кері байланыс құралдарына қолжетімділік беріледі. Оқу процесінде вебинарлар, онлайн консультациялар, қолдау чаттары және форумдар арқылы әдістемелік көмек көрсетіледі.

*Модульдік оқу-әдістемелік мазмұны*

## **Модуль 1. Мектепке дейінгі ұйымдағы инклюзивті білім беру: құқықтық және ұйымдастырушылық негіздер**

*Материалдар:*

- мектепке дейінгі ұйымдағы инклюзивті білім берудің құқықтық негіздері бойынша қысқаша нормативтік шолу;
- «педагогтің рөлі – қолдау бағыты – жауапкершілік аймағы» кестесі;
- инклюзивті мәдениет және педагогикалық этика бойынша әдістемелік жадынама;
- қауіпсіз және құрметке негізделген орта құру чек-парағы.

*Интерактив:* мектепке дейінгі ұйымдағы педагогтер мен мамандардың рөлдерін анықтау бойынша топтық жұмыс; педагогикалық этикаға қатысты жағдаяттарды талдау.

*Өзін-өзі бағалау:* «Менің инклюзивті орта құрудағы кәсіби рөлім» чек-парағы.

*Тапсырма:* мектепке дейінгі ұйымдағы инклюзивті ортаға қойылатын негізгі талаптар бойынша қысқаша талдау жасау.

## **Мектепке дейінгі ұйымдағы психологиялық-педагогикалық қолдау, педагогикалық диагностика және баланың даму динамикасын бағалау**

*Материалдар:*

- психологиялық-педагогикалық қолдаудың бағыттары бойынша схема;
- педагогикалық бақылау картасының үлгісі;
- коммуникативтік, танымдық-интеллектуалдық және әлеуметтік-эмоциялық дағдыларды бағалау кестелері;
- жеке даму картасының үлгісі.

*Интерактив:* баланың даму ерекшелігіне байланысты педагогикалық кейсті талдау; бағалау нәтижелері бойынша қолдау шараларын жоспарлау.

*Өзін-өзі бағалау:* «Баланың қолдау қажеттілігін анықтаудағы кәсіби сенімділік» шкаласы.

*Тапсырма:* берілген кейс негізінде педагогикалық бақылау картасын толтыру және қолдау шараларын ұсыну.

## **Модуль 3. Қолжетімді, дамытушы және қауіпсіз инклюзивті орта құру**

*Материалдар:*

- топ бөлмесін, ойын, оқу, демалыс және қозғалыс аймақтарын бейімдеу чек-парағы;
- визуалды қолдау құралдарының үлгілері;
- сенсорлық қауіпсіз орта құру бойынша жадынама;
- ойын арқылы қарым-қатынас пен әлеуметтік дағдыларды дамыту тапсырмалары.

*Интерактив:*

- топ кеңістігін бейімдеу бойынша шағын жоба;

- визуалды күн тәртібі, таңдау тақтасы немесе «алдымен–содан кейін» карточкасын әзірлеу.

*Өзін-өзі бағалау:* «Менің тобымдағы қолжетімді орта» чек-парағы.

*Тапсырма:* мектепке дейінгі ұйым тобындағы бір аймақты бейімдеу жоспарын әзірлеу.

#### **Модуль 4. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды педагогикалық қолдау технологиялары**

*Материалдар:*

- сөйлеу тілі бұзылыстары бар балаларды қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар;
- психикалық дамуы тежелген және зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған тапсырмаларды бейімдеу үлгілері;
- қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекетінде қиындықтары бар балаларды қолдау алгоритмі;
- аутистік спектр бұзылыстары, зейін тапшылығы және гипербелсенділік синдромы бар балалар үшін визуалды қолдау және құрылымдалған орта үлгілері;
- көру, есту және тірек-қимыл аппараты зақымдалған балалар үшін оқу-тәрбие ортасын бейімдеу чек-парағы.

*Интерактив:*

- әртүрлі қолдау қажеттілігі бар балаларға арналған педагогикалық жағдаяттарды талдау;
- қолдау тәсілдерін таңдау бойынша топтық жұмыс.

*Өзін-өзі бағалау:*

«Баланың даму ерекшелігіне қарай қолдау тәсілін таңдау» өзін-өзі бағалау парағы.

*Тапсырма:* берілген кейс бойынша баланы педагогикалық қолдау алгоритмін әзірлеу.

#### **Модуль 5. Оқу бағдарламасын бейімдеу, жеке оқу бағдарламасын әзірлеу және түзете-дамыту жұмысын жоспарлау**

*Материалдар:*

- оқу бағдарламасын бейімдеу алгоритмі;
- жеке оқу бағдарламасының құрылымы мен үлгісі;
- түзете-дамыту бағдарламасының үлгісі;
- қысқа мерзімді мақсаттар мен жетістік индикаторларын анықтау кестесі;
- даму динамикасын бақылау парағы.

*Интерактив:*

- оқу мақсаттарын баланың даму деңгейіне қарай бейімдеу;
- жеке оқу бағдарламасының фрагментін құрастыру;
- түзете-дамыту жұмысының бағдарламасын әзірлеу.

*Өзін-өзі бағалау:* «Жеке оқу бағдарламасын әзірлеудегі дайындық деңгейім» чек-парағы.

*Тапсырма:* педагогикалық диагностика және бағалау нәтижелері негізінде жеке оқу бағдарламасының қысқа үлгісін әзірлеу.

## **Модуль 6. Құжаттама, мониторинг, ата-анамен жұмыс және қолдау нәтижелерін қорытындылау**

*Материалдар:*

- мектепке дейінгі ұйымда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау бойынша құжаттар тізімі;
- педагогикалық бақылау картасы, жеке даму картасы, жеке оқу бағдарламасы, түзете-дамыту бағдарламасы және мониторинг парағы үлгілері;
- ата-анамен кері байланыс парағы;
- үй жағдайында қолдау бойынша ұсыным үлгісі;
- қолдау нәтижелерін қорытындылау кестесі.

*Интерактив:*

- құжат үлгілерін талдау;
- ата-анамен кері байланыс жағдайларын рөлдік талдау;
- мониторинг нәтижелері бойынша келесі қолдау қадамдарын жоспарлау.

*Өзін-өзі бағалау:* «Құжаттама және мониторинг жүргізудегі кәсіби дайындық» чек-парағы.

*Тапсырма:* балаға арналған қорытынды қолдау пакетін әзірлеу: бақылау картасы, бағалау нәтижесі, жеке даму картасы, жеке оқу бағдарламасы, түзете-дамыту бағдарламасы, мониторинг парағы және ата-анамен кері байланыс үлгісі.

### **Оқу материалдарының форматтары**

Бағдарламаны іске асыру барысында оқу материалдары тыңдаушыларға қолжетімді, түсінікті және тәжірибеде қолдануға ыңғайлы форматта ұсынылады:

- PDF-брошюралар, әдістемелік ұсынымдар, чек-парақтар және жұмыс парақтары;
- интерактивті кестелер мен үлгілер: педагогикалық бақылау картасы, жеке даму картасы, жеке оқу бағдарламасы, түзете-дамыту бағдарламасы, мониторинг парағы;
- Google Docs, Google Sheets, Microsoft Word және Excel форматындағы құжат үлгілері;
- бейнетүсіндірмелер, презентациялар, глоссарийлер және терминологиялық анықтамалықтар;
- практикалық тапсырмаларды орындау бойынша нұсқаулықтар;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысқа арналған бейімделген оқу-әдістемелік материалдар;
- нормативтік құжаттар бойынша екі тілді ресурстар: қазақша-орысша терминология, негізгі ұғымдар мен құжат атаулары.

### **Қорытынды әдістемелік қолдау**

Қорытынды практикалық жұмысты дайындау және қорғау кезеңінде тыңдаушыларға әдістемелік қолдау көрсетіледі. Бұл қолдау келесі бағыттарды қамтиды:

- қорытынды жобаны дайындау және қорғау бойынша консультациялар;
- педагогикалық бақылау картасын, жеке даму картасын және жеке оқу бағдарламасын рәсімдеу бойынша әдістемелік көмек;
- оқу бағдарламасын бейімдеу және түзете-дамыту бағдарламасын құрастыру бойынша нұсқаулық;
- ата-анамен кері байланыс парағын және үй жағдайында қолдау ұсынымдарын әзірлеуге қолдау көрсету;
- қорытынды жұмысты бағалау критерийлерімен алдын ала таныстыру.

Қорытынды жұмысты бағалау келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

- нормативтік талаптарға сәйкестігі;
- практикалық бағыттылығы;
- баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін, жеке мүмкіндіктері мен қолдау қажеттілігін ескеруі;
- оқу-тәрбие процесін бейімдеу мүмкіндігі;
- педагогикалық қолдау шараларының нақтылығы;
- құжаттаманың жүйелілігі мен рәсімделу сапасы;
- ата-анамен және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметіндегі мамандармен өзара әрекетті көрсетуі.

### **Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі**

Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі тыңдаушыларға:

- мектепке дейінгі ұйымдағы инклюзивті білім берудің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін терең түсінуге;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау құралдарын меңгеруге;
- педагогикалық диагностика және бағалау нәтижелерін тәжірибеде қолдануға;
- оқу бағдарламасын баланың даму деңгейі мен жеке мүмкіндіктеріне қарай бейімдеуге;
- жеке оқу бағдарламасын әзірлеу және түзете-дамыту жұмысын жоспарлау дағдыларын қалыптастыруға;
- құжаттама жүргізу, мониторинг нәтижелерін талдау және ата-анамен кері байланыс ұйымдастыру құзыреттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Оқу-әдістемелік материалдар тыңдаушылардың кәсіби тәжірибесін жетілдіруге, мектепке дейінгі ұйымдағы инклюзивті ортаны сапалы ұйымдастыруға және әр баланың оқу-тәрбие процесіне тең қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған.

**Модульдер бойынша өзін-өзі бағалаудың типтік критерийлері:**

| <b>Критерийлер</b>            | <b>Бағаланатын аспектілер</b>  | <b>Бағалау шкаласы (мысал)</b>                   |
|-------------------------------|--|--|
| Модуль мазмұнын түсіну        | Тақырыптың негізгі ұғымдарын, нормативтік негіздерін, мақсаттары мен міндеттерін білу  | 1 – түсінбедім → 5 – толық түсіндім              |
| Практикада қолдану мүмкіндігі | Оқылған материалды өз қызметінде қолдану қабілеті  | 1 – қиындық туады → 5 – жеңіл енгіземін          |
| Әрекеттегі сенімділік         | Педагогикалық диагностика, бағалау, бейімдеу және қолдау шараларын орындаудағы кәсіби сенімділік деңгейі.                        | 1 – сенімсіз → 5 – сенімдімін                    |
| Құралдарды пайдалану          | Шаблондарды, нормативтік құжаттарды, жеке оқу бағдарламасын, чек-парақтарды және цифрлық ресурстарды қолдану қабілеті.           | 1 – қолданбаймын → 5 – үнемі қолданамын          |
| Командалық өзара әрекеттесу   | Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысына қатысу, әріптестермен және ата-аналармен тиімді байланыс орнату қабілеті. | 1 – қиындықтар бар → 5 – тиімді әрекет етемін    |
| Рефлексия және даму           | Өз қызметін талдау және өсу мақсаттарын қою қабілеті   | 1 – талдамаймын → 5 – тұрақты рефлексия жасаймын |

**Тыңдаушылардың өзін-өзі бағалау формалары**

Өзін-өзі бағалау – бағдарламаның маңызды компоненті, ол педагогтердің рефлексиялық және кәсіби дағдыларын дамытуға, сондай-ақ мазмұнды меңгеру барысында жеке өсу динамикасын түсінуге бағытталған.

Өзін-өзі бағалау құралдары әр модуль бойынша және бағдарламаның қорытынды бөлімінде ұсынылады. Олар ішкі мотивацияны қалыптастыруға, дамуға бағдарлануға және кәсіби жаңаруға дайындыққа ықпал етеді. Барлық

материалдар оқу-әдістемелік пакетке енгізілген және қолдану бойынша нұсқаулықтармен сүйемелденеді.

### **Модульдер аясындағы өзін-өзі бағалаудың кезендік формалары:**

*Модульдік чек-парақтар.* Тыңдаушы әр модуль бойынша негізгі дағдылар мен түсініктерді меңгеру деңгейін бағалайды.

«Жеке жетістіктер парағы». Форматы: «дейін/кейін» графасы. Модульді оқуға дейінгі және кейінгі игерілген дағдыларды көрсетуге, жеке прогресті тіркеуге көмектеседі.

*Педагогтің құзыреттілік картасы.* Негізгі кәсіби функцияларды қамтитын өз бетінше толтырылатын кесте. Қатысушы қалыптасу деңгейін белгілейді.

*Рефлексиялық күнделік.* Бағдарламаны меңгеру барысында туындайтын қиындықтар, жетістіктер, ойлар туралы қысқаша жазбалар. Еркін формада ұсынылуы мүмкін.

«Менің даму аймақтарым» қорытынды кестесі. Әрі қарай дамытуды қажет ететін құзыреттіліктерді талдау үшін қолданылады. Әр модульдің соңында немесе бүкіл бағдарламаның соңында құрастырылады.

### **Оқу аяқталғаннан кейінгі қорытынды өзін-өзі бағалау:**

*Сенімділік рейтингі.* Қатысушы бағдарламаның негізгі блоктары бойынша кәсіби әрекеттерді орындаудағы сенімділігін 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша бағалайды.

*Рефлексиялық сұрақтарға жауап беру:*

Бағдарламадағы қандай ақпарат мен үшін жаңа және ерекше маңызды болды?

Мен өз жұмысымда нені қолдана бастадым?

Әрі қарай қандай бағытта мақсатты түрде дамығым келеді?

*Жеке кәсіби өсу жоспары.* Жеке құжат түрінде рәсімделеді. Тыңдаушы онда келесі қадамдарды жоспарлайды: жаңа білімдерді тәжірибеге енгізу, әдістемелік іс-шараларға қатысу, құжаттармен жұмыс жүргізу, педагогикалық тәжірибесін жетілдіру.

*Ескерту:*

Өзін-өзі бағалау қорытынды бағаға немесе сертификаттауға әсер етпейді, бірақ ішкі диагностика, саналы оқыту және кәсіби даму траекториясын құру құралы ретінде пайдаланылады.

Құралдар бейімделген және көрнекі түсінікті түрде ұсынылады: Google-кестелері, формалар, PDF-бланкілер. Электрондық платформа арқылы қолжетімді және әдістемелік материалдарда қайталады.

## **8. Оқу нәтижелерін бағалау**

Бағдарлама аясындағы бағалау жүйесі ашықтық, объективтілік, қолданбалылық және практикалық бағыттылық қағидаларына негізделеді. Бағалау тек теориялық білімді тексеруге ғана емес, мектепке дейінгі ұйым

жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау үшін қажетті практикалық дағдылардың қалыптасу деңгейін анықтауға бағытталған.

### **Бағалау жүйесінің қағидалары**

**Практикалық қолданбалылық:** меңгерілген әдістер мен құралдарды мектепке дейінгі ұйым тәжірибесінде қолдану қабілетін бағалау.

**Құзыреттілік тәсіл:** педагогикалық бақылау, диагностика, жоспарлау, бейімдеу, құжаттама жүргізу және ата-анамен өзара әрекет дағдыларына басымдық беру.

**Модульдік және кезеңдік:** бағалау әр модуль бойынша жүргізіліп, қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

**Формалардың вариативтілігі:** мини-тесттер, практикалық тапсырмалар, кейс талдау, құжат үлгілерін әзірлеу және жобаны қорғау сияқты әртүрлі бағалау формаларын қолдану.

**Рефлексия және өзін-өзі бағалау:** тыңдаушының кәсіби өсу аймақтарын анықтауына және әрі қарай даму бағытын жоспарлауына мүмкіндік беру.

### **Бағалаудың түрлері мен әдістері**

#### **1. Ағымдағы бақылау**

Әр модуль аяқталғаннан кейін тыңдаушылар келесі тапсырмаларды орындайды:

- негізгі ұғымдар, нормативтік талаптар және әдістемелік тәсілдер бойынша мини-тесттер;
- педагогикалық жағдаяттарды талдау;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы қолдау бойынша кейс шешу;
- педагогикалық бақылау картасын толтыру;
- жеке даму картасының фрагментін әзірлеу;
- оқу бағдарламасын бейімдеу бойынша шағын тапсырма орындау;
- жеке оқу бағдарламасының немесе түзете-дамыту бағдарламасының фрагментін құрастыру;
- ата-анамен кері байланыс үлгісін әзірлеу;
- оқытушыдан кері байланыс алу.

#### **2. Тыңдаушының өзіндік жұмысы**

Тыңдаушының өзіндік жұмысы келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- тапсырманың толық және нақты орындалуы;
- бағдарлама мазмұнына сәйкестігі;
- нормативтік-құқықтық талаптарды дұрыс қолдануы;
- ұсынылған шешімдердің практикалық құндылығы;
- баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін, жеке мүмкіндіктері мен қолдау қажеттілігін ескеруі;
- педагогикалық негізділігі;
- дербестік және жауапкершілік деңгейі.

Өзіндік жұмысқа педагогикалық кейсті талдау, инклюзивті ортаны бағалау чек-парағын әзірлеу, жеке оқу бағдарламасының фрагментін дайындау,

түзете-дамыту бағдарламасын құрастыру, мониторинг парағын әзірлеу және жазбаша рефлексия жасау ұсынылады.

### **3. Қорытынды аттестаттау**

Қорытынды аттестаттау оқу барысында әзірленген практикалық жобаны қорғау түрінде өткізіледі. Жоба бағдарламадағы барлық модульдер бойынша білім мен дағдылардың интеграцияланған нәтижесі болып табылады.

Қорытынды жоба ретінде тыңдаушы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаға арналған қолдау пакетін әзірлейді.

Қолдау пакетінің құрамына келесі материалдар енгізілуі мүмкін:

- педагогикалық бақылау картасы;
- жеке даму картасы;
- оқу бағдарламасын бейімдеу үлгісі;
- жеке оқу бағдарламасының фрагменті;
- түзете-дамыту жұмысын жоспарлау үлгісі;
- даму динамикасын мониторингтеу парағы;
- ата-анамен кері байланыс және үй жағдайында қолдау ұсынымдары;
- мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті ортаны бейімдеу бойынша шағын жоба.

### **Қорғау формасы**

Қорытынды жұмыс күндізгі немесе қашықтан форматта презентация түрінде қорғалады.

Қорғау барысында тыңдаушы:

- таңдаған кейсінің ерекшелігін сипаттайды;
- баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін, жеке мүмкіндіктері мен қолдау қажеттілігін негіздейді;
- қолданылған бағалау және бақылау құралдарын ұсынады;
- оқу бағдарламасын бейімдеу шешімдерін түсіндіреді;
- жеке оқу бағдарламасы мен түзете-дамыту бағдарламасының мазмұнын қорғайды;
- ата-анамен және мамандармен өзара әрекет жолдарын көрсетеді;
- қолдау нәтижелерін бағалау және келесі қадамдарды жоспарлау тәсілдерін ұсынады.

**Қорытынды жоба келесі критерийлер бойынша бағаланады:**

| <b>Критерийлер</b>  | <b>Ең жоғары балл</b> |
|---|-----------------------|
| Өзектілігі және кәсіби салаға сәйкестігі                  | 10                    |
| Практикалық маңыздылығы және іске асырылу мүмкіндігі      | 10                    |
| Құрылымдық логикасы, толықтығы, нормативтік дұрыстығы     | 10                    |
| Әдістемелік сауаттылығы, үлгілерді (шаблондарды) қолдануы | 10                    |

|  |                |
|--|----------------|
| Креативтілігі, педагогикалық икемділігі, бірегейлігі | 10             |
| <b>Қорытынды балл</b>                                | <b>50 балл</b> |

## Қосымша бағалау түрлері

### Тыңдаушының портфолиосы

Қалауы бойынша тыңдаушы оқу барысында орындаған тапсырмаларын, презентацияларын, жұмыс парақтарын, педагогикалық бақылау материалдарын, жеке оқу бағдарламасының үлгісін, түзете-дамыту бағдарламасын және рефлексия парақтарын портфолио түрінде жинақтай алады.

### Негізгі модульдер бойынша онлайн-тестілеу

Ұйымның шешімі бойынша 1–4-модульдер мазмұны бойынша онлайн-тестілеу жүргізілуі мүмкін. Онлайн-тестілеу тыңдаушылардың негізгі ұғымдарды, нормативтік талаптарды, психологиялық-педагогикалық қолдау, педагогикалық диагностика және инклюзивті орта құру бойынша базалық білімін тексеруге бағытталады.

### Қатысу немесе аяқтау сертификаты

Сертификат тыңдаушы барлық тақырыптарды меңгерген, ағымдағы және өзіндік тапсырмаларды орындаған, қорытынды практикалық жобаны сәтті қорғаған жағдайда беріледі.

### Бағалаудың кәсіби дамудағы рөлі

Бағдарламадағы бағалау тек білімді бақылау құралы емес, тыңдаушыны өзін-өзі дамыту, кәсіби рефлексия жасау және мектепке дейінгі ұйым жағдайында инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастырудағы кәсіби ұстанымын нақтылау процесіне тартудың маңызды тетігі болып табылады.

Аралық және қорытынды бағалау жүйесі арқылы тыңдаушы өз ілгерілеуін қадағалайды, оқытушыдан нақты кері байланыс алады, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау бойынша кәсіби өсу аймақтарын анықтайды және алдағы жұмыс тәжірибесінде қолданатын нақты әдістемелік шешімдерді жоспарлайды.

Қамтамасыз етілетін қолдау және қайта бағалау шаралары:

|                                |  |
|--------------------------------|--|
| 1. Кеңес беру және сүйемелдеу: | Оқу материалын меңгеруде қиындықтарға тап болған тыңдаушылар келесі мүмкіндіктерге ие:<br>оқытушыдан немесе курс кураторынан қосымша жеке онлайн-консультациялар алу;<br>бейнематериалдарға, шаблондарға және презентацияларға қайтадан қол жеткізу; |
|--------------------------------|--|

|  |  |
|--|--|
|  | тапсырмаларды орындау және қорытынды жұмысты бағалау критерийлері бойынша түсініктемелер алу.  |
| 2. Тапсырмаларды орындау үшін қосымша уақыт беру:  | Тыңдаушының өтініші немесе курс кураторының шешімі бойынша: жеке тапсырмаларды (мысалы, жоба, әдістемелік әзірleme) орындау мерзімін ұзарту (ең көбі 2 апта); ұйымдастырушының келісімі бойынша қорытынды қорғау немесе қайта тапсыру мерзімін кейінге ауыстыру. |
| 3. Қорытынды жұмысты қайта бағалау:                | Егер тыңдаушы қорытынды аттестациядан өтпесе (30 балдан төмен жинаса), ол келесі құқықтарға ие: жоба бойынша сарапшылардың ескертулерін ескеріп, қайта қорғауға; не балама тапсырманы орындауға (курс әдіскерімен келісу бойынша).                               |
| 4. Жартылай қайта оқыту:                           | Айтарлықтай артта қалған жағдайда тыңдаушыға ұсынылады: жеке модульдер бойынша қайта оқыту (мысалы, тек 2 немесе 3 модуль); консультациялық сүйемелдеумен модуль тапсырмаларын қайта орындау.  |
| 5. Академиялық шегерім (кейінге қалдыру) рәсімдеу: | Ерекше жағдайларда (ауру, демалыс, отбасылық жағдайлар) тыңдаушы: курсты кейінгі топпен аяқтау үшін шегерім ала алады; өтілген модульдердің бір бөлігін сақтап (сағаттар есепке алынып), оқуды кейін жалғастыра алады.   |

## 9. Курстан кейінгі қолдау

Курстан кейінгі қолдау – біліктілікті арттыру бағдарламасының ажырамас бөлігі болып табылады және тыңдаушылардың кәсіби қызметінде алған білімдері мен дағдыларының тұрақтылығын әрі практикалық қолданысын қамтамасыз етуге бағытталған.

Бұл кезең кәсіби белсенділікті қолдауға, педагогикалық бастамаларды дамытуға, тәжірибе алмасуға және тыңдаушылардың курстан алған нәтижелерін нақты тәжірибеге енгізуіне бағдарланған.

Курстан кейінгі қолдаудың негізгі элементтері:

| Курстан кейінгі қолдаудың мақсаттары:                                   |   |   |   |
|---|---|---|---|
| Жаңа білімдер мен құралдарды жүзеге асыруда әдістемелік қолдау көрсету; | Кәсіби қарым-қатынасты жалғастыру және тәжірибе алмасу үшін жағдай жасау;   | Консультациялар, супервизия және сараптамалық кері байланыс алу мүмкіндіктерін ұсыну; | Педагогтің тәжірибесіне өзін-өзі дамыту және өзін-өзі талдау элементтерін енгізуге ықпал ету. |
| Курстан кейінгі қолдау форматтары:                                      |   |   |   |
| Жеке әдістемелік кеңес беру:  | онлайн байланыс арқылы (электрондық пошта, мессенджерлер, LMS платформалары);<br>Жеке оқу бағдарламасын іске асыру, құжаттаманы жүргізу, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі шеңберіндегі өзара әрекет мәселелері бойынша қолдау көрсетіледі.<br>Тыңдаушылардың педагогикалық әзірлемелерін тәжірибеге енгізу бойынша сараптамалық ұсынымдар беріледі. |   |   |
| Курстан кейінгі вебинарлар және әдістемелік шеберханалар::              | курс аяқталғаннан кейін 1–2 айдан соң тақырыптық онлайн-кездесулер өткізу;<br>тыңдаушылардың сәтті енгізген кейстерін талдау;<br>білімді практикада қолдану кезінде туындаған күрделі сұрақтарға жауаптар беру.   |   |   |
| Кәсіби қарым-қатынас форумы/тобы:                                       | кәсіби чатқа немесе онлайн-топқа (Telegram, WhatsApp, Google-топтар) қолжетімділік;<br>шаблондармен, құжаттармен, сұраулармен және шешімдермен алмасу;<br>горизонталды тәлімгерлікті ынталан дыру (peer-to-peer қолдау).  |   |   |

|   |  |
|---|--|
| Онлайн-кітапхана және әдістемелік банк:               | курс материалдарына тұрақты қолжетімділік; нормативтік базаны, шаблондарды, нұсқаулықтарды тұрақты жаңарту; жаңа әдебиет, жарияланымдар және іс-шаралар бойынша ұсыныстар. |
| Қорытынды жұмысты тәжірибеге енгізуге қолдау көрсету: | тыңдаушыларға өз әзірлемелерін мектепке дейінгі ұйым тәжірибесінде қолдану, нәтижесін талдау және қажет болған жағдайда әдістемелік түзету енгізу бойынша кеңес беріледі.  |
| <b>Қолдау әдістері:</b>                               |  |
| жеке сұраныстарға жауаптар);                          | практика мен нәтижелерді талдау;   |
| сауалнамалар, күнделіктер, талқылаулар;               | топтық кейстер шешімі, материалдарды бірлесіп әзірлеу.   |
| Ұзақтығы және форматы:                                | курс аяқталғаннан кейін 12 айға дейін; қашықтан, икемді кесте бойынша; тыңдаушының қалауы бойынша немесе әдіскердің шақыруы бойынша.                                       |
| Курстан кейінгі қолдаудың нәтижелері:                 | педагогтің алған білімдерін тәжірибеде қолдау сенімділігінің артуы;  |
|   | жеке оқу бағдарламасы, түзете-дамыту бағдарламасы және мониторинг парақтары сияқты құжаттама формаларын тәжірибеде жүйелі қолдану;   |
|   | кәсіби қоғамдастыққа және әдістемелік белсенділікке қатысудың артуы;   |
|   | рефлексияның пайда болуы, бастамашылдықтың және одан әрі оқуға дайындықтың өсу.  |

## 10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

### Заңдар мен нормативтік-құқықтық актілер тізімі

1. Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы. URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/B940001400>
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (15.04.2025 ж. өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319>

3. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ Заңы (30.12.2024 ж. № 148-VIII өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1900000293>
4. Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсету туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы (01.07.2023 ж. № 226-VII өзгертулермен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343>
5. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы (13.04.2025 ж. өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345>
6. Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ Заңы (26.06.2021 ж. өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2100000056>
7. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасы әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 тіркелген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы (15.04.2025 ж. № 74 өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>
8. Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G25HP000031>
9. Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары 2009 жылғы 13 шілдедегі №338бұйрық <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750>
10. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті типтердегі және түрлердегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>
11. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары 2023 жылғы 21 шілдедегі №224 бұйрық <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033166>
12. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 Бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275#z2>

13. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>
14. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы «Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім алу қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» (28.06.2024 ж. № 165 бұйрығы редакциясында). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026618>
15. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы. Қазақстан Республикасы әділет министрлігінде 2025 жылғы 30 сәуірде № 36047 тіркелген. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы. URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500036047>
16. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 21 мамырдағы № 117 бұйрығы. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету стандартын бекіту туралы. URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500036137>

### **Негізгі әдебиеттер**

17. Мектепке дейінгі ұйымдарда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау жеке бағдарлама әзірлеу: әдістемелік нұсқаулық / Баймуратова А.Т., Самиева Г.Б. – Алматы, 2024. – 71 б.
18. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательном детском саду. Часть 1. Ситуационный анализ состояния коррекционно-педагогической поддержки детей с особыми образовательными потребностями в дошкольных общеобразовательных организациях Республики Казахстан: методические рекомендации. / Баймуратова А.Т., Дербисалова Г.С. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2022. – 48 с
19. Әртүрлі типтегі арнайы мектепке дейінгі білім беру ұйымдары тәрбиеленушілерін психологиялық-педагогикалық қолдаудың ұйымдастырушылық-мазмұндық негіздері / құрастырушы авторлары Г.М. Коржова, Т.А. Вишневская, Назарбаева А.А. – Алматы: АИБД ҰҒПО, 2024. – 51 б.
20. Обеспечение преемственности дошкольных и школьных организаций образования в условиях инклюзивного образования: методические рекомендации / Коржова Г.М., Баймуратова А.Т., Вишневская Т.А. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2021. – 69 с.
21. Методическое обеспечение деятельности дошкольных организаций образования (в том числе в условиях инклюзивного образования): Метод.

рекомендации / Баймуратова А.Т., Дербисалова Г.С. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2023. – 55 с

22. Педагогическая диагностика (альтернативная оценка) детей с задержкой психического развития в детском саду: Метод. рекомендации / Баймуратова А.Т., Досбол П.Б. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2023. – 70 с.

23. Взаимодействие службы психолого-педагогического сопровождения с родителями в условиях развития инклюзивных практик: метод. рекомендации/ Егорова Е.В., Сергеева Н.В., Култаев Д.Х. - Алматы: ННПЦ РСИО, 2023. – 62 с.

### **Қосымша әдебиеттер**

24. Организационно-методические основы деятельности психолого-медикопедагогических консультаций: метод. рекомендации/ Ерсарина А.К. - Алматы: ННПЦ РСИО,

25. 2023. - 81 с. Особенности применения мультимедийных технологий для детей с особыми образовательными потребностями: Метод. рекомендации / Баймуратова А.Т., Дербисалова Г.С., Альжанова Д.С. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2023. – 60с

26. Қимыл-қозғалыс және ақыл-ой кемістігі бар балаларға көмек көрсетудің ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздері: әдістемелік ұсын./А.К. Ерсарина, А.К. Абдрахманова, А.С. Токарев. - Алматы: АИБД ҰҒПО, 2024. – 90 б.

27. Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау бойынша педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – 256 б.

28. Қазақ тілді ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың фонетикалық бұзылыстарының ерекшеліктері: әдістемелік нұсқаулық/ Ибатова Г.Б., Нурсейтова Ж.Ж., Естемесова Ж.Ж. – Алматы АИБД ҰҒПО, 2023. – 50 б

